

ML-167x Series

Моно лазерлі принтер Пайдаланушы нұсқаулығы

мүмкіндіктерін елестетіңіз

Samsung бұйымын сатып алғаныңызға
алғыс білдіреміз.

SAMSUNG

Авторлық құқық

© 2010 Samsung Electronics Co., Ltd. Барлық құқықтары қорғалған.

Бұл пайдаланушы нұсқаулығы тек ақпараттық мақсаттарға берілген. Бұл құжаттағы ақпараттың барлығы ескертусіз өзгертіледі.

Samsung Electronics корпорациясы пайдаланушы нұсқаулығын пайдаланудан немесе оған қатысты туындаған тікелей немесе жанама келтірілген зақымдарға жауап бермейді.

- Samsung және Samsung логотипі — Samsung Electronics Co., Ltd компаниясының сауда белгілері.
- PCL және PCL 6 — Hewlett-Packard компаниясының сауда белгілері.
- Microsoft, Internet Explorer, Windows, Windows Vista, Windows 7 және Windows 2008 Server R2 — Microsoft корпорациясының тіркелген сауда белгілері немесе сауда белгілері.
- PostScript 3 — Adobe System корпорациясының сауда белгісі.
- UFST® және MicroType™ — Monotype Imaging корпорациясының тіркелген сауда белгілері.
- TrueType, Mac және Mac OS — Apple корпорациясының АҚШ пен басқа елдерде тіркелген сауда белгілері.
- LaserWriter — Apple корпорациясының сауда белгісі.
- Барлық басқа бренд немесе бұйым атаулары тиісті компаниялардың немесе ұйымдардың сауда белгілері болып табылады.

Ашық лицензия туралы ақпарат алу үшін жинақтағы CD-ROM дискісіндегі «**LICENSE.txt**» файлын қараңыз.

REV. 1.04

Мазмұны

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

2

МАЗМҰНЫ

3

- 6 Қауіпсіздік туралы ақпарат
- 11 Құқықтық ақпарат
- 17 Мына пайдаланушы нұсқаулығы туралы
- 19 Жаңа бұйымның мүмкіндіктері

КІРІСПЕ

21

- 21 Құрылғыны қарап шығу
 - 21 Алдынан
 - 22 Артынан
- 23 Басқару тақтасына шолу
- 24 Жарық диодының күйін түсіну
- 24 Пайдалы түймелермен танысу
- 25 Құрылғыны қосу

ІСКЕ КІРІСУ

26

- 26 Аппараттық құралды реттеу
 - 26 Орны
- 26 Конфигурациялық бетті басып шығару
- 26 Жинақтағы бағдарламалық жасақтама
- 27 Жүйеге қойылатын талаптар
 - 27 Windows
 - 27 Macintosh
 - 27 Linux
- 28 USB арқылы жалғанған құрылғы драйверін орнату
 - 28 Windows
 - 29 Macintosh
 - 29 Linux
- 30 Құрылғыны жергілікті желіде бөлісу
 - 30 Windows
 - 31 Macintosh

РЕТТЕУ НЕГІЗДЕРІ

32

- 32 Әдепкі науа мен қағазды реттеу
 - 32 Компьютерден
- 32 Қуат үнемдеу мүмкіндігін пайдалану

БАСПА ҚҰРАЛЫ ЖӘНЕ НАУА

33

- 33 Баспа құралын таңдау
 - 33 Баспа құралдарын таңдауға арналған нұсқаулар
 - 33 Өр режимде қолданылатын баспа құралдарының өлшемдері
- 34 Науа өлшемін өзгерту
- 34 Науаға қағаз салу
 - 34 Науа
 - 35 Науада қолмен беру
- 35 Арнайы баспа құралына басып шығару
 - 36 Конверттер
 - 36 Мөлдір қағаздар
 - 37 Жапсырмалар
 - 37 Қатырма қағаз/Таңдамалы өлшемдегі қағаз
 - 37 Баспа үлгісіндегі/Басып шығарылған қағаз
- 37 Шыққан қағаздар ұстауышын пайдалану

БАСЫП ШЫҒАРУ

38

- 38 Принтер драйвері мүмкіндіктері
- 38 Принтер драйвері
- 38 Басып шығару негіздері
- 39 Басып шығарудан бас тарту
- 39 Басып шығару параметрлерін ашу
- 39 Таңдаулы параметрді пайдалану
- 40 Анықтаманы пайдалану
- 40 Арнайы басып шығару мүмкіндіктерін пайдалану
- 40 Бір парақ қағазға бірнеше бет басып шығару
- 40 Плакаттар басып шығару
- 40 Кітапшалар басып шығару (қолмен)
- 41 Қағаздың екі бетіне басып шығару (қолмен)
- 41 құжаттың пайыздық көрсеткішін өзгерту
- 41 Құжатты таңдалған қағаз өлшеміне сәйкестендіру
- 41 Су таңбаларын пайдалану
- 42 Қабаттастыруларды пайдалану
- 43 Баспа сапасы опциялары
- 43 Әдепкі басып шығару параметрлерін өзгерту
- 43 Құрылғыңызды әдепкі құрылғы етіп орнату
- 44 Файлға басып шығару (PRN)
- 44 Macintosh басып шығару
- 44 Құжат басып шығару
- 44 Принтер параметрлерін өзгерту
- 45 Бір парақ қағазға бірнеше бет басып шығару
- 45 Linux басып шығару
- 45 Бағдарламалардан басып шығару
- 46 Файлдар басып шығару
- 46 Принтер сипаттарын конфигурациялау

БАСҚАРУ ҚҰРАЛДАРЫ

48

- 48 Пайдалы басқару құралдарын таныстыру
- 48 Samsung Easy Printer Manager (тек Windows) бағдарламасын пайдалану
- 48 Samsung Easy Printer Manager бағдарламасын түсіну
- 49 Samsung Printer Status (тек Windows) бағдарламасын пайдалану
- 49 Samsung Printer Status шолу
- 50 Smart Panel бағдарламасын пайдалану (тек Macintosh және Linux)
- 50 Smart Panel бағдарламасын түсіну
- 50 Smart Panel бағдарламасының параметрлерін өзгерту
- 50 Бірыңғай Linux драйвері конфигураторын пайдалану
- 51 Unified Driver Configurator ашу
- 51 Принтерлерді конфигурациялау терезесі
- 52 Ports configuration

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

53

- 53 Құрылғы есебін басып шығару
- 53 Құрылғыны тазалау
- 53 Сыртын тазалау
- 53 Ішін тазалау
- 54 Картриджді сақтау
- 54 Қолдану нұсқаулары
- 54 Samsung емес және тонермен қайта толтырылған картриджді пайдалану
- 54 Картридждің жоспарланған мерзімі
- 54 Құрылғы орнын ауыстыру және сақтау туралы кеңестер

Мазмұны

АҚАУЛЫҚТАРЫН ЖОЮ

55

- 55 Тонерді жаю
- 55 Қағаз кептелуіне жол бермеу туралы кеңестер
- 56 Қағаз кептелістерін тазалау
 - 56 Науада
 - 56 Құрылғының іші
- 57 Басқа мәселелерді шешу
 - 57 Электр қуаты мәселелері
 - 58 Қағаз берілу мәселелері
 - 58 Басып шығару мәселелері
 - 60 Басып шығару сапасының мәселелері
 - 62 Жалпы Windows мәселелері
 - 63 Жалпы Linux мәселелері
 - 63 Жалпы Macintosh мәселелері

ЖАБДЫҚТАР

64

- 64 Қалай сатып алу керек
- 64 Қол жетімді жабдықтар
- 64 Қол жетімді қосалқы бөлшектер
- 64 Картриджді ауыстыру

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

66

- 66 Аппараттық құрал сипаттамалары
- 66 Қоршаған ортаға қатысты сипаттамалары
- 67 Электр тогына қатысты сипаттамалар
- 68 Баспа құралдарының сипаттамалары

CONTACT SAMSUNG WORLDWIDE

69

ГЛОССАРИЙ

71

ИНДЕКС

77

Қауіпсіздік туралы ақпарат










Бұл ескертулер мен алдын ала сақтандырулар сіздің немесе басқалардың жарақаттануына және құрылғыңызға қандай да бір зақым келуіне жол бермеу үшін беріледі. Құрылғыны пайдалану алдында барлық нұсқауларды оқып, түсініп алыңыз.

Қандай да бір электр құрылғысымен жұмыс істеу және құрылғыны қашан болмасын пайдалану кезінде саналылық танытыңыз. Сонымен қатар, құрылғы мен барлық ілеспе әдебиеттерде белгіленген барлық ескертулер мен нұсқауларды қадағалаңыз. Бұл бөлімді оқып шыққаннан кейін келешекте пайдалану үшін оны сенімді жерде сақтаңыз.

Маңызды қауіпсіздік таңбалары

Бұл бөлім барлық пайдаланушы нұсқаулығындағы барлық белгішелер мен белгілердің мәнін түсіндіреді. Бұл қауіпсіздік таңбалары қауіп деңгейіне сәйкес тәртіппен беріледі.

Пайдаланушы нұсқаулығындағы барлық белгішелер мен белгілердің түсіндірмесі:

	Ескерту	Ауыр дене жарақаты немесе өлімге әкелетін қауіптер немесе қауіпті әрекеттер.
	Абайлаңыз	Жеңіл дене жарақаты немесе мүліктің зақымдануына әкелуі мүмкін қауіптер немесе қауіпті әрекеттер.
		Істеуге болмайды.
		Бөлшектеуге болмайды.
		Ұстамаңыз.
		Қуат шнурын қабырға розеткасынан ажыратыңыз.
		Электр тогы соғуының алдын алу үшін құрылғының жерге дұрыс орнатылғанына кез жеткізіңіз.
		Көмек алу үшін қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.
		Нұсқауларды мұқият орындаңыз.

Ескерту




Қуат сымы зақымданған немесе штепсельдік розетка жерге орнатылмаған болса, пайдалануға болмайды.

► Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.



Құрылғының үстіне ешнәрсе қоймаңыз (су, кішкентай металл немесе ауыр нәрселер, шамдар, тұтанған темекі, т.б.).

► Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.



Егер құрылғы қызып кетсе, одан түтін шығарып, түсініксіз дыбыстар беріп немесе оғаш иіс шығарады, қосқышты дереу өшіріп, құрылғыны желіден суырыңыз.

► Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.



Майыстырмаңыз немесе қуат сымына ауыр нәрселер қоймаңыз.


► Қуат сымын таптау немесе оны ауыр нәрселермен мыжылуы электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.



Ашаны сымнан тартып суыруға болмайды, ашаны дымқыл қолмен ұстауға болмайды.


► Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.

Абайлаңыз




Электр дауылы кезінде немесе жұмыс істемейтін кезде ашаны электр розеткасынан ажыратыңыз.

► Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.




Мұқият болыңыз, қағаз шығатын бөлік ыстық болады.

► Күйіп қалуыңыз мүмкін.




Егер құрылғыны құлатып алсаңыз немесе корпусына зақым келсе, оны барлық интерфейстік қосылымдардан ажыратып, білікті қызметкерлерден көмек сұраңыз.

► Әйтпесе бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.




Егер құрылғының жұмысында кенеттен және айқын өзгеріс орын алса, құрылғыны барлық интерфейстік қосылымдардан ажыратып, білікті қызметкерлерден көмек сұраңыз.

► Әйтпесе бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.




Егер қосқыш электр розеткасына оңай енбесе, оны күштеп кіргізбеңіз.

► Электр розеткасын өзгерту үшін электрик маманды шақырыңыз немесе бұл электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.



Үй жануарларының айнымалы ток, телефон немесе дербес компьютер интерфейсі сымын тістеуіне жол бермеңіз.

► Бұл электр тогының соғуына немесе өртке және/немесе үй жануарының жарақаттануына әкелуі мүмкін.



Егер нұсқаулар қадағаланғаннан кейін құрылғы тиісті түрде жұмыс істемесе, құрылғыны барлық қосылымдардан ажыратып, білікті қызметкерлерден көмек сұраңыз.

► Әйтпесе бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.

Абайлаңыз



Басып шығару кезінде қағазды күшпен тартып алуға болмайды.

▶ Бұл құрылғыға зақым келтіруі мүмкін.



Қолыңыз құрылғы мен қағаз науа арасында қыстырылып қалмауына сақ болыңыз.

▶ Жарақаттануыңыз мүмкін.



Желдету саңылауын бітемеңіз немесе оған нәрселерді тастамаңыз.

▶ Бұл құрамдастарын қыздырып, зақымдалуға немесе өртке әкелуі мүмкін.




Қағазды ауыстыру немесе кептелген қағазды алып тастау кезінде мұқият болыңыз.

▶ Жаңа қағаздың шеттері өткір және жырып кетуі мүмкін.



Үлкен көлемде басып шығару кезінде қағаз шығатын бөліктің асты қызып кетуі мүмкін. Балалардың ұстауына жол бермеңіз.

▶ Күйіп қалуыңыз мүмкін.



Кептелген қағазды алған кезде қысқыш немесе үшкір метал нәрселерді пайдалануға болмайды.

▶ Бұл құрылғыға зиян келтіруі мүмкін.



Қағаз шығатын бөлікте тым көп қағаздың жиналып қалуына жол бермеңіз.


▶ Бұл құрылғыға зиян келтіруі мүмкін.



Бұл құрылғының қуатты ұстау құрылғысы қуат сымы болып табылады.

▶ Қуатты өшіру үшін қуат сымын электр розеткасынан алып тастаңыз.

Ескерту



Құрылғыны шаңды, ылғал немесе су ағатын орындарға орналастырмаңыз.

► Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.

Абайлаңыз






Құрылғыны жылжыту алдында қуатты өшірі, барлық сымдарды ажыратыңыз.


Одан кейін құрылғыны көтеріңіз:




- Егер құрылғы 20 кг-ға жетпесе, 1 адаммен көтеріңіз.
- Егер құрылғы салмағы 20 кг - 40 кг болса, 2 адаммен көтеріңіз.
- Егер құрылғы 40 кг-нан астам болса, 4 немесе одан да көп адаммен көтеріңіз.

► Құрылғы құлап кетіп, жарақаттануға немесе құрылғының зақымдануына әкелуі мүмкін.

-  Құрылғыны тұрақсыз бетке қоймаңыз.
 - Құрылғы құлап кетіп, жарақаттануға немесе құрылғының зақымдануына әкелуі мүмкін.
-  Құрылғы белгіде көрсетілген қуат деңгейімен қосылуы тиіс.
 - Егер сенімсіз болсаңыз және қуат деңгейін тексергіңіз келсе, электр жабдықтары компаниясына хабарласыңыз.
-  Тек № 26 AWG пайдаланыңыз^a немесе қажет болса, үлкенірек телефон желісінің сымы.
 - Әйтпесе бұл құрылғыға зақым келтіруі мүмкін.

a. AWG: Америкалық сымдық калибр

-  Құрылғының үстіне жабын жаппаңыз немесе шкаф сияқты ауасы тар орынға орналастырмаңыз.
 - Егер құрылғы желдетілмесе, бұл өртке әкелуі мүмкін.

-  Қуат сымын жерге орнатылған электр розеткасына қосыңыз.
 - Әйтпесе бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.
-  Қабырға розеткалары мен ұзартқыш шнурларға шамадан көп жүктеме түсірмеңіз.
 - Бұл өнімділікті азайтып, электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.
-  Қауіпсіз жұмыс істеу үшін құрылғыңызбен бірге берілетін қуат сымын пайдаланыңыз. Егер 140 В құрылғыға сым 2 метрден асатын сым пайдаланылатын болса, калибр 16 AWG немесе үлкенірек болуы керек.
 - Әйтпесе бұл құрылғыға зақым келтіріп, электр тогының соғуына немесе өртке әкеп соқтыруы мүмкін.

Абайлаңыз



Құрылғының ішкі бөлігін тазалаудан бұрын өнімді қабырға розеткасынан ажыратыңыз. Құрылғыны бензинмен тазалауға, еріткішпен немесе спиртпен бояуға **болмайды**; құрылғыға суды тікелей бүрікпеңіз.

- ▶ Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.



Керек-жарақтарды ауыстыру немесе ішін тазалау сияқты құрылғының ішкі бөлігімен жұмыс істеу барысында құрылғыны іске қоспаңыз.

- ▶ Жарақаттануыңыз мүмкін.



Қуат кабелі мен қосқыштың контакт бетін шаң немесе судан таза ұстаңыз.

- ▶ Әйтпесе бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.



Бұраңдалармен бекітілген қандай да бір жабынды немесе қаптаманы алып тастауға болмайды.

- ▶ Құрылғыны Samsung техникалық қызметкері ғана жөндеуі керек.



Тазартқыш керек-жарақтарды балалардан аулақ ұстаңыз.

- ▶ Балалар жарақаттануы мүмкін.



Құрылғыны өз бетіңізше бөлшектеуге, жөндеуге немесе қалпына келтіруге болмайды.

- ▶ Бұл құрылғыға зиян келтіруі мүмкін. Құрылғыны жөндеу қажет болса, білікті техникалық маманға хабарлаңыз.



Құрылғыны тазалау және жұмыс істеу үшін құрылғымен бірге берілетін пайдаланушы нұсқаулығын қатаң қадағалаңыз.

- ▶ Әйтпесе құрылғыға зиян келтіруіңіз мүмкін.

Керек-жарақтарды пайдалану

Абайлаңыз



Тонер картриджді бөлшектеуге болмайды.

- ▶ Тонер шаңы тыныс алғанда немесе жұтылған жағдайда қауіпті болуы мүмкін.



Тонер картриджі немесе сақтандырғыш құрылғысы сияқты керек-жарақтарды өртеуге болмайды.

- ▶ Бұл жарылысқа немесе сөндіру қиын өртке әкелуі мүмкін.



Тонер картриджі сияқты керек-жарақтарды сақтау кезінде оларды балалардан аулақ ұстаңыз.

- ▶ Тонер шаңы тыныс алғанда немесе жұтылған жағдайда қауіпті болуы мүмкін.



Тонер сияқты керек-жарақтарды қайта пайдаға жарату құрылғыға зақым келтіруі мүмкін.

- ▶ Қайта пайдаға жаратылған керек-жарақтарға байланысты зақымданған жағдайда қызметтік төлем алынады.

e



Тонер картриджді өзгерту немесе кептелген қағазды алып тастау кезінде тонер шаңының денеңізге немесе киімдеріңізге жұқпауына сақ болыңыз.

- ▶ Тонер шаңы тыныс алғанда немесе жұтылған жағдайда қауіпті болуы мүмкін.



Тонер киімге жұққан кезде оны ыстық сумен жумаңыз.

- ▶ Ыстық су тонерді талшыққа сіңдіріп жібереді. Салқын суды пайдаланыңыз.

Құқықтық ақпарат

Бұл құрылғы қалыпты жұмыс ортасына арналған және бірнеше құқықтық мәлімдемелермен сертификатталған.

Лазер қауіпсіздігі туралы мәлімдеме

Принтер I дәрежелі лазерлі бұйымдарға арналған DHHS 21 CFR, 1-тараудың J тараушасындағы талаптарға сәйкес келуі үшін АҚШ-та сертификатталған және IEC 60825-1 талаптарына сай келетін I дәрежелі лазерлі бұйым ретінде сертификатталған.

I дәрежелі лазерлі бұйымдар қауіпті деп қарастырылмайды. Лазерлі жүйе мен принтер қалыпты жұмыс кезінде, пайдаланушы жөндеуі немесе алдын ала қызмет көрсету жағдайында 1 дәрежелі лазер сәулесіне адамдардың қатынасы болмайтындай етіп жасалған.

- **Толқын ұзындығы:** 800 нм
- **Сәуле айырмасы**
 - **Параллель:** 11 градус
 - **Перпендикуляр:** 35 градус
- **Максималды қуат шығару:** 12 мВт

ЕСКЕРТУ

Лазерлі/сканер жинағынан қорғаныш жабыны алынған принтерді ешқашан пайдаланбаңыз немесе қызмет көрсетпеңіз. Шағылысқан сәуле көрінбесе де, көздеріңізге зақым келтіруі мүмкін.

Бұл бұйым пайдаланылғанда, мына негізгі қауіпсіздік шаралары өрттің шығу, электр тогының соғу және адамдарды жарақаттау қаупін азайту үшін әрдайым сақталуы керек:



Озон қауіпсіздігі



Қалыпты жұмыс кезінде бұл құрылғы озон шығарады. Шыққан озон операторға қауіп келтірмейді. Дегенмен, құрылғыны жақсы желдетілетін жерде пайдаланған жөн.

Егер озон туралы қосымша ақпарат керек болса, жергілікті Samsung делдалына хабарласыңыз.

Қуат үнемдеу



Бұл принтерде пайдаланылмай тұрған кезде қуат тұтынуды азайтатын қосымша қуат үнемдеу технологиясы бар. Принтер ұзақ уақыт деректер алмағанда, қуат тұтыну автоматты түрде төмендетіледі. ENERGY STAR және ENERGY STAR белгісі — АҚШ-та тіркелген сауда белгілері. ENERGY STAR бағдарламасы туралы қосымша ақпарат алу үшін <http://www.energystar.gov> сайтына қараңыз.

Кәдеге жарату



Бұл бұйымды кәдеге жаратыңыз немесе қорабын қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарай отырып қоқысқа тастаңыз.

Тек Қытай үшін

回收和再循环

为了保护环境，我们公司已经为废弃的产品建立了回收和再循环系统。我们会为您无偿提供回收同类废旧产品的服务。当您要废弃您正在使用的产品时，请您及时与工厂取得联系，我们会及时为您提供服务。

Бұл бұйымды қоқысқа дұрыс тастау (Электер және электрондық қалдық жабдық)



(Жинау жүйелері бөлік бөлік Еуропалық Одақта және басқа Еуропа елдерінде қолданылады)

Бұйымда, аксессуарларда немесе әдебиетте көрсетілген бұл белгі бұйым мен оның электрондық аксессуарларының (мысалы, зарядтағыш, гарнитура, USB кабелі) қолдану мерзімінің соңында басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге тасталмауы керек екенін білдіреді. Бақылаусыз қалдық тастаудан қоршаған ортаға немесе адам денсаулығына зиян келтірмеу үшін оны басқа қалдық түрлерінен бөліп алып, материал ресурстарын қайта пайдалануға қолдау көрсету үшін оны жауапкершілікпен кәдеге жаратыңыз. Тұрмыстағы пайдаланушылар бұл затты қоршаған орта тарапынан қауіпсіз кәдеге жаратуға болатын орын мен жолдары туралы мәліметтер алу үшін бұл бұйымды сатып алған сатушыға немесе жергілікті басқару билігіне хабарласуы керек. Жұмыстағы пайдаланушылар жабдықтаушысына хабарласып, сатып алу туралы келісімнің шарттары мен талаптарын тексеруі керек. Бұл бұйым тастауға арналған басқа коммерциялық қалдықтармен араласып кетпеуі керек.

Радио жиіліктен сәуле бөлінуі


Пайдаланушыға берілетін Федералдық байланыс комиссиясы ақпараты

Бұл құрылғы Федералдық байланыс комиссиясының ережелерінің 15-бөліміне сәйкес келеді. Орындалатын әрекет төмендегі екі жағдайға байланысты:

- Бұл құрылғы зиянды кедергі келтіруі мүмкін және
- Бұл құрылғы келген кедергіні, оның ішінде қажетсіз әрекет тудыруы мүмкін кедергіні қабылдауы керек.

Бұл жабдық тексеріліп, Федералдық байланыс комиссиясы ережелерінің 15-бөліміне сәйкес В дәрежелі сандық құрылғыға арналған шектеулерге сәйкес келеді деп анықталды. Бұл шектеулер тұрған орнына зиянды бағдарламадан ақылған қонымды жолмен қорғау үшін беріледі. Бұл жабдық радио жиілік қуатын түзеді, пайдаланады және сәуле шығаруы мүмкін және нұсқауларға сәйкес орнатылып пайдаланылмаса, радио байланысқа зиянды кедергі келтіруі мүмкін. Дегенмен, белгілі бір орнату кезінде кедергі келмейді деген кепілдік жоқ. Егер бұл жабдық құрылғыны өшіріп қосудан радио немесе теледидар сигналын қабылдауға зиянды кедергі келтірмесе, пайдаланушыға келген кедергіні төмендегі бір не одан көп өлшемдер бойынша түзетіп көру тапсырылады:

- Қабылдайтын антеннаның бағытын немесе орнын өзгертіңіз.
- Жабдық пен ресивердің бөлінуін арттырыңыз.
- Жабдықты ресивер қосылған ток көзінен басқа шығыс көзіне жалғаңыз.
- Делдалдан немесе тәжірибелі радиотехник маманынан көмек сұраңыз.

 Сәйкестігіне жауап беретін өндіруші мақұлдамаған өзгеріс немесе түрлендірулер пайдаланушының құрылғыны пайдалану өкілеттігінің күшін жоюы мүмкін.

Канадалық радио кедергі туралы ережелер

Бұл сандық аппарат Канаданың өнеркәсібі және ғылымы туралы ICES-003, «Сандық аппарат» деп аталатын кедергі тудырушы жабдық стандартында белгіленгендей сандық аппараттан берілетін радио шуылды толқындарға арналған В дәрежесіндегі шектеулерден аспайды.

Cet appareil numérique respecte les limites de bruits radioélectriques applicables aux appareils numériques de Classe B prescrites dans la norme sur le matériel brouilleur: "Appareils Numériques", ICES-003 édictée par l'Industrie et Sciences Canada.

Тек Ресей үшін



Yalnızca Türkiye

- RoHS
EEE Yönetmeliğine Uygundur.
This EEE is compliant with RoHS.
- Bu ürünün ortalama yaşam süresi 7 yıl, garanti süresi 2 yıldır.

Тек Германия үшін

Das Gerät ist nicht für die Benutzung am Bildschirmarbeitsplatz gemäß BildschirmV vorgesehen.

Маңызды

Бұл құрылғының электр шнуры стандартты (BS 1363) 13 А ашамен жабдықталған және 13 А сандардырғышы бар. Сақтандырғышты ауыстырғанда немесе тексергенде, дұрыс 13 А сақтандырғышты қайта кигізу керек. Сосын сақтандырғыш жабынын ауыстыру керек. Егер сақтандырғыш жабынын жоғалтып алсаңыз, басқа сақтандырғыш жабынын алмайынша ашаны пайдаланбаңыз.

Құрылғыны сатып алған адамдарыңызға хабарласыңыз.

13 А аша Ұлыбританияда кеңінен пайдаланылады және қолайлы болуы керек. Дегенмен, кейбір ғимараттарда (негізінен ескілері) стандартты 13 А аша ұялары болмайды. Қолайлы аша адаптерін сатып алу керек. Орнатылған ашаны алып тастамаңыз.



Егер орнатылған ашаны кесіп алсаңыз, одан тікелей құтылыңыз. Ашасын қайтадан сым жалғау мүмкін емесе және аша ток көзіне салынған кезде электр тогының соғуы мүмкін.

Маңызды ескерту:



Бұл құрылғыны жерге қосу керек.

Электр шнурындағы сымдардың түрлі түсті коды бар:

- **Жасыл және сары:** Жер
- **Көк:** Бейтарап
- **Қоңыр:** Ауыспалы

Егер электр шнурындағы сымдар ашадағы түстерге сәйкес келмесе, мына әрекеттерді орындаңыз:

Жасыл және сары сымды «E» әрпімен немесе «Жер таңбасы» қауіпсіздік белгісімен немесе түрлі түсті жасыл және сары не жасылмен белгіленген істікке жалғау керек.

Көк сымды «N» әрпімен немесе түрлі түсті қара түспен белгіленген істікке жалғау керек.

Қоңыр сымды «L» әрпімен немесе түрлі түсті қызыл түспен белгіленген істікке жалғау керек.

Ашада, адаптерде немесе тарату тақтасында 13 А сақтандырғыш болу керек.



Бекітулер және сертификаттар

Бұл бұйымға қолданылған CE белгісі Samsung Electronics Co., Ltd. компаниясының сәйкестік декларациясын Еуропалық Одақтың төмендегі қолданыстағы 93/68/EEC директиваларымен көрсетілген күннен бастап білдіреді:

Осымен Samsung Electronics корпорациясы бұл бұйымның төмендегілердің маңызды талаптары мен басқа да маңызды ережелеріне сәйкестігін жариялайды:

ML-167x Series: Төмен кернеулі директива (2006/95/EC) және EMC директивасы (2004/108/EC).

Сәйкестік декларациясын www.samsung.com/printer сайтынан қарауға болады, EuDoC құжатын шолу үшін Қолдау > Жүктеу орталығы опциясына өтіп, принтеріңіздің (MFP) атын енгізіңіз.

1 қаңтар 1995 ж.: 2006/95/EC кеңестік директивасы, төмен кернеулі жабдыққа қатысты мүше мемлекеттердің заңдарын жақындастыру.

1 қаңтар 1996 ж.: 2004/108/EC (92/31/EEC) кеңестік директивасы, электромагнит үйлесімділігіне қатысты мүше мемлекеттердің заңдарын жақындастыру.

9 наурыз 1999 ж.: Радио жабдық және телекоммуникациялық терминал жабдығы және сәйкестігін өзара тану туралы 1999/5/EC кеңестік директивасы. Маңызды Директивалар мен сілтеме жасалған стандарттарды анықтайтын толық декларацияны Samsung Electronics Co., Ltd. өкілдігінен алуға болады.

ЕК сертификаты

1999/5/EC радио жабдығы және телекоммуникациялық терминал жабдығы директивасының сертификаты (FAX)

Бұл Samsung бұйымы 1999/5/EC директивасына сәйкес еуропалық бір терминалдың аналогты ашық қосылған телефон желісіне (PSTN) қосылуы үшін Samsung тарапынан өздігінен сертификатталған. Бұйым мемлекеттік PSTN желілерімен және Еуропа елдерінің PBX стансасымен жұмыс істейтін болып жасалған:

Қиындықтар туындаған жағдайда бірінші кезеңде Samsung Electronics Co., Ltd. компаниясының Еуропа сапа тексеру зертханасына хабарласу керек.

Бұйым TBR21 бойынша сынақтан өткен. Осы стандартқа сәйкес келетін терминалды жабдықты пайдалануға және қолдануға көмектесу үшін Еуропалық Телекоммуникациялық Стандарттар Институты (ETSI) TBR21 терминалдарының желіге үйлесімділікпен қамтамасыз ететін жазбалар мен қосымша талаптарды қамтитын кеңес беру құжатын (EG 201 121) шығарды. Бұйым осы құжатта қамтылған барлық маңызды кеңес беру жазбалары бойынша әзірленген және оларға толығымен үйлесімді.

产品中有害有毒物质或元素的名称及含量

部件名称	有害有毒物质或元素					
	铅 (Pb)	汞 (Hg)	镉 (Cd)	六价铬 (Cr ⁶⁺)	多溴联苯 (PBB)	多溴联苯醚 (PBDE)
塑料	○	○	○	○	○	○
金属 (机箱)	X	○	○	○	○	○
印刷电路部件 (PCA)	X	○	○	○	○	○
电缆 / 连接器	X	○	○	○	○	○
电源设备	X	○	○	○	○	○
电源线	X	○	○	○	○	○
机械部件	X	○	○	○	○	○
卡盒部件	X	○	○	○	○	○
定影部件	X	○	○	○	○	○
扫描仪部件 - CCD (如果有)	X	X	○	○	○	○
扫描仪部件 - 其它 (如果有)	X	○	○	○	○	○
印刷电路板部件 (PBA)	X	○	○	○	○	○
墨粉	○	○	○	○	○	○
滚筒	○	○	○	○	○	○

○：表示该有害有毒物质在该部件所有均质材料中的含量均在 SJ/T 11363-2006 标准规定的限量要求以下。

×：表示该有害有毒物质至少在该部件的某一均质材料中的含量超出 SJ/T 11363-2006 标准规定的限量要求。

以上表为目前本产品含有有害有毒物质的信息。本信息由本公司的配套厂家提供，经本公司审核后而做成，本产品的部分部件含有有害有毒物质，这些部件是在现有科学技术水平下暂时无可替代物质，但三星电子将会一直为满足 SJ/T 11363-2006 标准而做不懈的努力。

Мына пайдаланушы нұсқаулығы туралы

Бұл пайдаланушы нұсқаулығында құрылғыны түсіну негіздері және пайдалану кезеңіндегі әр қадамда толық түсіндіру туралы ақпарат берілген. Құрылғыны дұрыс орнату және пайдалану үшін бастауыш және кәсіби пайдаланушыларға арналған құнды зат болып табылады.



- Құрылғыны пайдаланбас бұрын қауіпсіздік туралы ақпаратты оқып шығыңыз.
- Егер құрылғыны пайдалану кезінде қиындық туындаса, ақаулықтарды жою бөлімін қараңыз. (55-беттегі "Ақаулықтарын жою" қараңыз.)
- Бұл пайдаланушы нұсқаулығында пайдаланылған шарттар глоссарий бөлімінде сипатталған. (71-беттегі "Глоссарий" қараңыз.)
- Бұл пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер құрылғының параметрлеріне немесе модельдеріне байланысты одан ерекшеленуі мүмкін.
- Бұл пайдаланушы нұсқаулығындағы процедуралар басынан Windows XP жүйесіне негізделген.

Келісім

Бұл нұсқаулықтағы кейбір терминдер кезегімен былайша пайдаланылады:



- Құжат түпнұсқаға синоним ретінде қолданылады.
- Қағаз баспа құралына синоним ретінде қолданылады.
- Құрылғы принтерді немесе көп функциялы принтерді білдіреді.

Төмендегі кестеде осы нұсқаулықтың келісімдері ұсынылған:

Келісім	Сипаттама	Үлгі
Қалың	Құрылғының дисплейіндегі немесе түймелер аттарындағы мәтіндер үшін.	Отмена
Ескертпе	Құрылғы функциясы мен мүмкіндігіне арналған қосымша ақпаратпен немесе мәліметтермен қамтамасыз етеді.	 Күн пішімі елге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.
Абайлаңыз	Құрылғыны ықтимал механикалық зақымнан немесе ақаудан қорғау үшін пайдаланылатын ақпарат бар.	 Картридждегі барабанның бетіне немесе сурет шығаратын бөлікке тиіспеңіз.
Сілтеме	Белгілі бір сөздер немесе сөз тіркестері туралы қосымша ақпарат береді.	а. бет/минут.
(«Айқас сілтеме»)	Қосымша толық ақпаратты білдіреді.	(18-беттегі "Толық ақпарат табу" қараңыз.)

Толық ақпарат табу

Құрылғыны мына ресурстарда басып шығару ретінде немесе экранда реттеу және пайдалану туралы ақпарат алуға болады.

Материал аты	Сипаттама
Жылдам орнату нұсқаулығы 	Бұл нұсқаулықта құрылғыны реттеу туралы ақпарат берілген. Бұл нұсқаулық принтермен қорапта келеді.
Пайдаланушы нұсқаулығы 	Бұл нұсқаулықта құрылғыға, ақаулықтарды жою бөліміне қолдау көрсетуге және жабдықтарын ауыстыруға арналған құрылғының толық мүмкіндіктерін пайдалану туралы нақты көрсетілген нұсқаулар берілген.
Құрылғы драйверінің анықтамасы	Бұл анықтамада принтер драйвері және басып шығару параметрлерін реттеу нұсқаулары туралы ақпарат берілген. (40-беттегі "Анықтаманы пайдалану" қараңыз.)
Samsung веб-сайты	Егер интернетке кірсеңіз, мына Samsung веб-сайтынан анықтама, қолдау, құрылғы драйверлері, нұсқаулықтар және тапсырыс беру туралы ақпарат алуға болады: www.samsung.com/printer .
Жүктелмелі бағдарламалық жасақтама	Пайдалы бағдарламаларды Samsung веб-сайтынан жүктеп алуға болады. <ul style="list-style-type: none">• Samsung AnyWeb Print: жеке пайдаланушыларға Windows Internet Explorer, Windows Firefox және Macintosh Safari браузерінде веб-сайт экранын суретке оңай түсіруге көмектеседі. (http://solution.samsungprinter.com/personal/anywebprint)

Жаңа бұйымның мүмкіндіктері

Жаңа құрылғы басып шығарылатын құжаттардың сапасын жақсартатын көптеген арнайы мүмкіндіктермен жабдықталған.


Арнайы мүмкіндіктер

Тамаша сапамен және жылдамдықпен басып шығару




- 1 200 x 1 200 нүкте/дюйм тиімді шығысқа дейінгі ажыратымдылықпен басып шығаруға болады.
- Құрылғы А4 өлшемі парақты 16 бет/минут жылдамдықпен, ал 21,59 x 27,94 см өлшемді парақты минутына 17 бет/минут жылдамдықпен басып шығарады.

Басып шығарылатын материалдың көп түрін қолдану




- 150 парақты науа өлшемдері әр түрлі тегіс қағазға: баспа үлгілеріне, конверттерге, жапсырмаларға, өлшемдері өзгертпелі баспа құралдарына, ашықхаттарға және тығыз қағазға қолдау көрсетеді.

Кәсіби құжаттар жасау



- Су таңбаларын басып шығару. Құжаттарды «Құпия» сияқты сөздермен реттеп қоюға болады. (41-беттегі "Су таңбаларын пайдалану" қараңыз.)
- Жарнама материалдарын басып шығару. Құжаттың әр бетіндегі мәтін мен суреттер үлкейтіліп, қағаз жиектеріне басып шығарылады және жарнама материалын құру үшін бірге бекітіледі. (40-беттегі "Плакаттар басып шығару" қараңыз.)
- Алдын ала басып шығарылған үлгілерді және баспа үлгілеріне кәдімгі қағазбен бірге пайдалануға болады. (42-беттегі "Қабаттастыруларды пайдалану" қараңыз.)

Уақытыңыз бен ақшаңызды үнемдеу



- Қағаз үнемдеу үшін бірнеше бетті бір парақ қағазға басып шығаруға болады. (40-беттегі "Бір парақ қағазға бірнеше бет басып шығару" қараңыз.)
- Бұл құрылғы пайдаланылмай тұрған кезде электр қуатын үнемдеуді едәуір азайту арқылы электр қуатын автоматты түрде үнемдейді.
- Қағаз үнемдеу үшін қағаздың екі жағына да басып шығаруға болады (қолмен). (41-беттегі "Қағаздың екі бетіне басып шығару (қолмен)" қараңыз.)

Әр түрлі ортада басып шығару



- Windows, Linux және Macintosh операциялық жүйелерімен басып шығаруға болады.
- Құрылғы USB интерфейсімен жабдықталған.

Модельдер бойынша берілген мүмкіндіктер

Құрылғы бизнесіңізге арналған қосымша желі шешімдеріне басып шығарудан алынған барлық құжат қажеттіліктеріне қолдау көрсету үшін жасалған. Модельдер бойынша берілген мүмкіндіктерге кіретіндер:

МҮМКІНДІКТЕР	ML-167x Series
Жоғары жылдамдықты USB 2.0	•
Дуплексті (2 жағына) басып шығару (қолмен)	•

(•: қамтылған)

Кіріспе


Бұл бөлімде құрылғыға жалпы шолу жасалады:

Бұл бөлімде қамтылғандар:

- Құрылғыны қарап шығу
- Басқару тақтасына шолу
- Жарық диодының күйін түсіну
- Пайдалы түймелермен танысу

Құрылғыны қарап шығу


Алдынан



Бұл сурет моделіне байланысты құрылғыдан ерекшеленуі мүмкін.

1	Басқару тақтасы	5	Қағаз ұзындығын реттеуіш
2	Үстіңгі жабын	6	Қағаз енін реттеуіштер
3	Картридж	7	Шыққан қағаздар ұстауышы
4	Науа	8	Шыққан қағаздар науасы (беті төмен қараған)

Артынан



Бұл сурет моделіне байланысты құрылғыдан ерекшеленуі мүмкін.

1 USB порты

2 Электр шнурының ұясы

Басқару тақтасына шолу

Бұл басқару тақтасы моделіне байланысты құрылғыдан ерекшеленуі мүмкін.




1	8V	Кептеліс	Құрылғыдағы қағаз кептелістерінің күйін көрсетеді. (24-беттегі "Жарық диодының күйін түсіну" қараңыз.)
2	↔/⚠	Онлайн/Қате	Құрылғыңыздың күйін көрсетеді. (24-беттегі "Жарық диодының күйін түсіну" қараңыз.)
3	🖥️📄	Экран	Мониторда көрсетілгенді басып шығарады. (24-беттегі "(Баспа экраны) түймесі" қараңыз.)
4	🔌	Қуат	Осы түймемен қосуға және өшіруге болады. (25-беттегі "(Қуат) түймесі" қараңыз.)


Жарық диодының күйін түсіну

Жарық диодтарының түсі құрылғының ағымдағы күйін көрсетеді.

Жарық диоды	Күй		Сипаттама
	Сарғылт қызыл	Қосу	
Кептеліс (8Λ)			Қағаз кептелген. (56-беттегі "Қағаз кептелістерін тазалау" қараңыз.)
Онлайн /Қате (↔/△)	Өшіру		<ul style="list-style-type: none"> Құрылғы өшірулі.
	Жасыл	Қосу	<ul style="list-style-type: none"> Құрылғы қуат үнемдеу режимінде. Құрылғы қосылған және компьютерден деректер ала алады.
		Жыпылы қтауда	<ul style="list-style-type: none"> Жарық диоды баяу жыпылықтаса, құрылғы компьютерден деректер алып жатыр. Жарық диоды тез жыпылықтаса, құрылғы деректерді басып жатыр.
	Қызыл	Қосу	<ul style="list-style-type: none"> Жабыны ашық. Жабынын жабыңыз. Науада қағаз жоқ. Науаға қағаз салыңыз. Құрылғы үлкен қате салдарынан жұмысын тоқтатты. Жүйеңізде біраз қателер бар. Егер осы мәселе орын алса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Картридж белгіленген жұмыс істеу мерзіміне жетті^а. Картриджді ауыстыру ұсынылады. (64-беттегі "Картриджді ауыстыру" қараңыз.)
Жыпылы қтауда		<ul style="list-style-type: none"> Аздаған қате орын алды және құрылғы қатенің кетуін күтуде. Қате кеткенде, құрылғы басып шығаруды жалғастырады. Картриджде біраз тонер қалды. Жоспарланған картриджде^а тонер бітті. Алмастыру үшін жаңа картридж дайындаңыз. Тонерді тарату арқылы басып шығару сапасын уақытша арттыруға болады (55-беттегі "Тонерді жаю" қараңыз). Құрылғы қолмен беру режимінде немесе қолмен дуплекстеу режимінде басып шығаруда. Құрылғы басып шығару тапсырмасынан бас тартуда. 	


а. Жоспарланған картридж мерзімі орташа басып шығару сыйымдылығын білдіретін және ISO/IEC 19752 сертификатына сәйкес жасалған күтілген немесе бағаланған картридж мерзімін білдіреді. Беттер санына қолдану ортасы, басып шығару аралығы, баспа құралы түрі және баспа құралының өлшемі әсер етуі мүмкін. Жарық диоды қызыл болып жанып, принтер басып шығаруды тоқтатқанның өзінде біраз тонер картриджде қалуы мүмкін.

 Samsung корпорациясы қайта толтырылған немесе қайта жасалған шынайы Samsung емес картриджді пайдалануды ұсынбайды. Samsung корпорациясы шынайы Samsung емес картридж сапасына кепілдік бере алмайды. Шынайы Samsung емес картридждерді пайдалану нәтижесінде қажетті қызмет немесе жөндеу құрылғы кепілдігінде қамтылмайды.


 Барлық басып шығару қателері Printer Status (Windows) немесе Smart Panel (Linux, Mac OS X) бағдарламалық терезесінде пайда болады. Егер қиындық кетпесе, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Пайдалы түймелермен танысу

 (Баспа экраны) түймесі


 түймесін басып, төмендегі әрекеттерді орындауға болады:

Функция	Сипаттама
Белсенді терезені басып шығару	Бұл түйме басылғанда, жарық диоды жасыл болып жыпылықтай бастайды. Жарық диоды жасыл болып жыпылықтауын тоқтатқанда, түймені жіберіңіз.
Монитор экранын толығымен басып шығару	Бұл түйме басылғанда, жарық диоды жасыл болып жыпылықтай бастайды. Ол жыпылықтағанда, түймені жіберіңіз.
Конфигурациялық парақты басып шығару	Дайын болған кезде жасыл жарық диоды баяу жыпылықтағанша, осы түймені 10 секундтай басып тұрып жіберіңіз. (26-беттегі "Конфигурациялық бетті басып шығару" бөлімін қараңыз.)
Жабдықтар туралы ақпараттық есеп	Дайын болған кезде жасыл жарық диоды жылдам жыпылықтағанша, бұл түймені 15 секундтай басып тұрып, жіберіңіз.
Қолмен басып шығару	Принтер драйверіндегі Источник үшін Ручная подача таңдалғанда қағаз салынған сайын осы түймені басыңыз.


-  **Баспа экранын** тек Windows және Macintosh операциялық жүйелерінде пайдалануға болады.
- Баспа экранын түймесі арқылы белсенді терезені/толық монитор экранын басып шығарғанда, құрылғы басып шығарылатын нәрсеге байланысты көбірек тонер пайдалануы мүмкін.
- Егер құрылғының Samsung Easy Printer Manager немесе Smart Panel бағдарламасы орнатылса, осы функцияны ғана пайдалануға болады.


(Қуат) түймесі


 түймесін басып, төмендегі әрекеттерді орындауға болады:

Функция	Сипаттама
Қосу/Өшіру	Қосу немесе өшіру үшін осы түймені басыңыз.
Басып шығару тапсырмасынан бас тарту	Басып шығару кезінде бұл түймені бір рет басыңыз. Басып шығару тапсырмасы құрыл мен компьютерден алынып тасталады, ал құрылғы дайын режимге қайтып келеді. Басып шығару тапсырмасының өлшеміне байланысты оған біраз уақыт кетуі мүмкін.  Егер бұл түймені 2 секундтан аса бассаңыз, құрылғы өшіп қалады.

Құрылғыны қосу

1. Электр шнурын жалғаңыз.
2. Басқару тақтасындағы  түймесін басыңыз.



 Егер құрылғыны өшіргіңіз келсе, бұл түймені 2 секундтай басып тұрыңыз.

Іске кірісу

Бұл бөлімде USB арқылы қосылған құрылғыны және бағдарламалық жасақтаманы реттеудің қадамдық нұсқаулары берілген.

Бұл бөлімде қамтылғандар:

- Аппараттық құралды реттеу
- Конфигурациялық бетті басып шығару
- Жинақтағы бағдарламалық жасақтама

Аппараттық құралды реттеу


Бұл бөлімде жылдам орнату нұсқаулығында түсіндірілгендей, аппараттық құралды реттеу қадамдары көрсетілген. Алдымен жылдам орнату нұсқаулығын оқып шыққаныңызға көз жеткізіп, төмендегі қадамдарды орындаңыз:

Орны

1. Тұрақты орын таңдаңыз.


Ауа айналымына жеткілікті тегіс, тұрақты орын таңдаңыз. Жабын(дар)ды және науаны(ларды) ашу үшін қосымша бос орын қалдырыңыз.

Аумағы жақсы желдетілетін және тікелей күн көзінен немесе жылу, суық және ылғал көздерінен алыс болуы керек. Құрылғыны партаңыздың немесе үстеліңіздің жиегіне жақын қоймаңыз.



Басып шығару 1000 м төмен биіктікте қолайлы.

Құрылғыны тегіс, тұрақты жерге қойыңыз, сонда еңкейіс 2 мм аспайды. Әйтпесе, баспа сапасына әсер етуі мүмкін.



2. Құрылғыны қорабынан шығарып, барлық алынған заттарды тексеріңіз.
3. Құрылғыны қауіпсіз ұстап тұратын таспаны алып тастаңыз.
4. Картриджді салыңыз.

- Жүйеге қойылатын талаптар
- USB арқылы жалғанған құрылғы драйверін орнату
- Құрылғыны жергілікті желіде бөлісу

5. Қағаз салыңыз. (34-беттегі "Науаға қағаз салу" қараңыз.)

6. Барлық кабельдердің құрылғыға жалғанғанына көз жеткізіңіз.

7. Құрылғыны қосыңыз. (25-беттегі "Құрылғыны қосу" қараңыз.)




Электр жүйесінде ақау болған кезде бұл құрылғы істемейді.

Конфигурациялық бетті басып шығару

Құрылғының дұрыс жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізу үшін конфигурациялық бетті басып шығарыңыз.

Конфигурациялық бетті басып шығару үшін:

Дайын болған кезде жасыл жарық диоды баяу жыпылықтағанша,  түймесін 10 секундтай басып тұрып, жіберіңіз.

Жинақтағы бағдарламалық жасақтама

Құрылғыны реттеп, оны компьютерге жалғаған соң, принтердің бағдарламалық жасақтамасын орнатуыңыз керек. Егер Windows немесе Macintosh операциялық жүйесін пайдалансаңыз, жинақтағы шағын дискіден бағдарламалық жасақтаманы орнатыңыз, ал егер Linux операциялық жүйесін пайдалансаңыз, бағдарламалық жасақтаманы Samsung веб-сайтынан (www.samsung.com/printer) жүктеп орнатыңыз.



Құрылғының бағдарламалық жасақтамасы жаңа операциялық жүйе шығарылғанда және т.б. жағдайларда жаңартылып отырады. Қажет болса, ең соңғы нұсқасын Samsung веб-сайтынан (www.samsung.com/printer) жүктеп алыңыз.

Операциялық жүйе	Мазмұны
Windows	<ul style="list-style-type: none">• Принтер драйвері: Құрылғы мүмкіндіктерін толығымен қолдану үшін осы драйверді пайдаланыңыз.• Easy Printer Manager: Бұл бағдарлама құрылғы параметрлерін және басып шығару орталарын, параметрлерді/әрекеттерді және іске қосуды біріктіреді. Мына мүмкіндіктердің барлығы Samsung құрылғысын қолайлы пайдалану үшін шлюзбен қамтамасыз етеді.• Printer Status: Бұл бағдарлама құрылғы күйін бақылап, сізге ол туралы хабар беріп отырады.

Операциялық жүйе	Мазмұны
Macintosh	<ul style="list-style-type: none"> • Принтер драйвері: Құрылғы мүмкіндіктерін толығымен қолдану үшін осы драйверді пайдаланыңыз. • Smart Panel: Бұл бағдарлама құрылғы күйін бақылауға көмектеседі.
Linux	<ul style="list-style-type: none"> • Бірыңғай Linux драйвері: Құрылғы мүмкіндіктерін толығымен қолдану үшін осы драйверді пайдаланыңыз. • Smart Panel: Бұл бағдарлама құрылғы күйін бақылауға мүмкіндік беріп, басып шығару кезінде қате шыққан кезде ескертеді.

Жүйеге қойылатын талаптар

Бастамас бұрын жүйеңіздің мына талаптарға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз:

Windows

Құрылғы төмендегі Windows операциялық жүйелерге қолдау көрсетеді.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕ	Талап (ұсынылған)		
	Орталық процессор	Оперативті жад	қатты дискідегі бос орын
Windows® 2000	Intel® Pentium® II 400 МГц (Pentium III 933 МГц)	64 МБ (128 МБ)	600 МБ
Windows® XP	Intel® Pentium® III 933 МГц (Pentium IV 1 ГГц)	128 МБ (256 МБ)	1,5 ГБ
Windows Server® 2003	Intel® Pentium® III 933 МГц (Pentium IV 1 ГГц)	128 МБ (512 МБ)	1,25 ГБ-тан 2 ГБ-қа дейін
Windows Server® 2008	Intel® Pentium® IV 1 ГГц (Pentium IV 2 ГГц)	512 МБ (2048 МБ)	10 ГБ
Windows Vista®	Intel® Pentium® IV 3 ГГц	512 МБ (1024 МБ)	15 ГБ
Windows® 7	Intel® Pentium® IV 1 ГГц 32 биттік немесе 64 биттік процессор не одан жоғары	1 ГБ (2 ГБ)	16 ГБ
	<ul style="list-style-type: none"> • 128 жады бар DirectX® 9 графикасына қолдау көрсету (Ауа тақырыбын қосу үшін) • DVD-R/W дискісі 		
Windows Server® 2008 R2	Intel® Pentium® IV 1 ГГц (x86) не 1,4 ГГц (x64) процессорлары (2 ГГц не одан жылдам)	512 МБ (2048 МБ)	10 ГБ



- Internet Explorer 5.0 не одан жоғары нұсқасы барлық Windows операциялық жүйелеріне қойылатын төменгі талап болып табылады.
- **Windows Terminal Services** бұл құрылғымен үйлесімді.

Macintosh


ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕ	Талаптар (ұсынылған)		
	Орталық процессор	Оперативті жад	қатты дискідегі бос орын
Mac OS X 10.3 ~ 10.4	<ul style="list-style-type: none"> • Intel® процессорлары • PowerPC G4/ G5 	<ul style="list-style-type: none"> • PowerPC негізделген Mac үшін 128 МБ (512 МБ) • Intel негізделген Mac үшін 512 МБ (1 ГБ) 	1 ГБ
Mac OS X 10.5	<ul style="list-style-type: none"> • Intel® процессорлары • 867 МГц не одан жылдам Power PC G4/ G5 	512 МБ (1 ГБ)	1 ГБ
Mac OS X 10.6	<ul style="list-style-type: none"> • Intel® процессорлары 	1 ГБ (2 ГБ)	1 ГБ

Linux

Элемент	Талаптар
Операциялық жүйе	RedHat Enterprise Linux WS 4, 5 Fedora 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 SuSE Linux 10.0, 10.1 OpenSuSE 10.2, 10.3, 11.0, 11.1, 11.2 Mandriva 2005, 2006, 2007, 2008, 2009, 2009.1 Ubuntu 5.04, 5.10, 6.06, 6.10, 7.04, 7.10, 8.04, 8.10, 9.04, 9.10, 10.04 SuSE Linux Enterprise Desktop 10, 11 Debian 4.0, 5.0
Орталық процессор	Pentium IV 2,4 ГГц (Intel Core™2)
Оперативті жад	512 МБ (1024 МБ)
Қатты дискідегі бос орын	1 ГБ (2 ГБ)

USB арқылы жалғанған құрылғы драйверін орнату

Жергілікті желіде қосылған құрылғы компьютерге USB кабелі арқылы тікелей қосылған құрылғы болып табылады.


 Ұзындығы 3 м-ден аспайтын USB кабелін ғана пайдаланыңыз.

Windows

Әдеттегі немесе таңдамалы әдіс арқылы құрылғының бағдарламалық жасақтамасын орнатуға болады.

Бұл қадамдар компьютерге тікелей қосылған құрылғыны пайдаланатын көптеген пайдаланушылар үшін ұсынылады. Құрылғы жұмыстарына қажетті барлық компоненттер орнатылады.

1. Құрылғының компьютерге жалғанғанына және қосылғанына көз жеткізіңіз.

 Егер «**Табылған жаңа аппараттық құрал шебері**» терезесі орнату процедурасы кезінде пайда болса, терезені жабу үшін **Болдырмау** түймесін басыңыз.

2. Жиһақтағы бағдарламалық жасақтама дискін CD-ROM жетегіне салыңыз.

- Бағдарламалық жасақтама дискісі автоматты түрде ашылып, орнату терезесі пайда болады.


- Егер орнату терезесі пайда болмаса, **Бастау**, сосын **Жеғу** түймесін басыңыз. X:\Setup.exe деп енгізіңіз, бұл жердегі «X» белгісін CD-ROM дискісін білдіретін әріппен ауыстырыңыз. **OK** түймесін басыңыз.

- Егер Windows Vista, Windows 7 және Windows 2008 Server R2 пайдаланылса, **Бастау** > **Барлық бағдарламаларда** > **Қалыпталған** > **Жеғу** түймесін басыңыз.


X:\Setup.exe деп енгізіңіз, бұл жердегі «X» белгісін CD-ROM дискісін білдіретін әріппен ауыстырыңыз, сосын **OK** түймесін басыңыз.

- Егер **Өздік іске қосу** терезесі Windows Vista, Windows 7 және Windows 2008 Server R2 жүйесінде пайда болса, **Setup.exe Жеғу** командасын **Бағдарлама орнату немесе іске қосу** өрісінен таңдап, **Жалғастыру** немесе **Иә** түймесін **Пайдаланушы тіркелгілерін бақылау** терезелерінен басыңыз.


3. **Установить сейчас** опциясын таңдаңыз.




Қажет болса, тілді ашылмалы тізімнен таңдаңыз.


 **Расширенная установка** параметрінің **Выборочная установка** деген опциясы бар. **Выборочная установка** құрылғының қосылысын таңдауға және жеке орнатылатын компонентті таңдауға мүмкіндік береді. Терезедегі нұсқауды орындаңыз.

4. **Лицензионное соглашение** оқып шығып, **Я принимаю условия лицензионного соглашения** опциясын таңдаңыз. Сосын **Далее** опциясын таңдаңыз.



Бағдарламалық жасақтама құрылғыны іздейді.

 Егер құрылғы компьютерге жалғанбаса, төмендегі терезе пайда болады.



- Құрылғы жалғанғаннан соң, **Далее** түймесін басыңыз.

- Убедитесь в том, что необходимо установить программное обеспечение без подключения к сетевому или локальному принтеру.**

- Құрылғыны жалғамай, бағдарламалық жасақтаманы орнату үшін осы опцияны таңдаңыз. Мұндай жағдайда баспаны тексеру беті терезесі өткізіліп жіберіледі.

- Повторить поиск**

- Жалғанған құрылғыны қайта іздеу үшін осы түймені басыңыз.

- Бұл түйме басылғанда, брандмауэр ескерту терезесі пайда болады;

Брандмауэрді өшіріп, **Повторить поиск** түймесін басыңыз. Windows операциялық жүйесі үшін **Бастау** > **Басқару тақтасы** > **Windows желіаралық дидары** түймесін басып, бұл опцияны өшіріңіз.

Сосын **Далее** түймесін **Уведомление брандмауэра** терезесінен басыңыз.

Операциялық жүйенің жанындағы үшінші тараптың бағдарламасынан брендмауэрді өшіріңіз. Жеке бағдарламалардан берілген нұсқаулықты қараңыз.

- **Справка**

- Бұл анықтама түймесі құрылғыны жалғау әдістері туралы толық ақпарат береді.

5. Ізделген құрылғылар экраннан көрсетіледі. Пайдаланғыңыз келгенін таңдап, **Далее** түймесін басыңыз.



Егер бағдарламалық жасақтама бір-ақ құрылғыны іздесе, растау терезесі пайда болады.

6. Орнатылып болған соң, сынақ бетін басып шығаруды сұрайтын терезе пайда болады. Егер сынақ бетін басып шығарғыңыз келсе, **Печать тестовой страницы** түймесін басыңыз.

Әйтпесе, **Далее** түймесін басып, 8-қадамға өтіңіз.

7. Егер сынақ беті дұрыс басылып шықса, **Да** түймесін басыңыз.

Дұрыс болмаса, оны қайта басып шығару үшін **Нет** түймесін басыңыз.

8. Егер құрылғыны Samsung веб-сайтына тіркегіңіз келсе, **Регистрация через Интернет** түймесін басыңыз.

9. **Готово** түймесін басыңыз.



Егер принтер драйвері дұрыс істемесе, драйверді жою немесе қайта орнату үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

- Құрылғының компьютерге жалғанғанын және қосулы екенін тексеріңіз.
- Бастау** мәзірінен **Бағдарламалар** немесе **Барлық бағдарламаларда > Samsung Printers > принтер драйвері атауы > Удаление** опциясын таңдаңыз.
- Қажетті опцияны таңдап, терезедегі нұсқауларды орындаңыз.
- Принтер драйверін жойғаннан кейін оны қайта орнатыңыз (23-беттен «USB арқылы жалғанған құрылғы драйверін орнату» бөлімін қараңыз).

Macintosh

Macintosh компьютерінде басып шығару үшін құрылғыңызбен бірге келген бағдарламалық жасақтама дискісінде CUPS драйверін немесе Apple LaserWriter драйверін (PostScript драйверіне қолдау көрсететін құрылғы пайдаланылғанда ғана қол жетімді) пайдалануға мүмкіндік беретін PPD файлы берілген.

- Құрылғының компьютерге жалғанғанына және қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Жинақтағы бағдарламалық жасақтама дискін CD-ROM жетегіне салыңыз.
- Macintosh жұмыс үстелінде пайда болатын CD-ROM белгішесін екі рет басыңыз.
- MAC_Installer** қалтасын екі рет басыңыз.
- Installer OS X** белгішесін екі рет басыңыз.
- Құпиясөзін енгізіп, **OK** түймесін басыңыз.
- Samsung орнату терезесі ашылады. **Continue** түймесін басыңыз.
- Лицензиялық келісімді оқып шығып, **Continue** түймесін басыңыз.
- Лицензиялық келісімді қабылдау үшін **Agree** түймесін басыңыз.
- Easy Install** опциясын таңдап, **Install** түймесін басыңыз. **Easy Install** көптеген пайдаланушыларға ұсынылады. Құрылғы жұмыстарына қажетті барлық компоненттер орнатылады. Егер **Custom Install** таңдалса, жеке орнатылатын компоненттерді таңдауға болады.
- Компьютеріңізде барлық бағдарламалардың жабылатыны туралы ескертетін хабар пайда болғанда, **Continue** түймесін басыңыз.

12. Орнатылып болған соң, **Quit** түймесін басыңыз.

13. **Applications** қалтасын > **Utilities** > **Print Setup Utility** опциясын ашыңыз.

- Mac OS X 10.5~10.6 үшін **Applications** қалтасын > **System Preferences** опциясын ашып, **Print & Fax** түймесін басыңыз.

14. **Add** опциясын **Printer List** ішінен таңдаңыз.

- Mac OS X 10.5~10.6 үшін «+» белгішесін басыңыз; дисплей терезесі ашылады.

15. Mac OS X 10.3 үшін **USB** жиекбелгісін таңдаңыз.

- Mac OS X10.4 үшін **Default Browser** түймесін басып, USB байланысын табыңыз.
- Mac OS X10.5~10.6 үшін **Default** түймесін басып, USB байланысын табыңыз.

16. Mac OS X 10.3 үшін автоматты таңдау дұрыс істемесе, **Samsung** опциясын **Printer Model** тармағынан, ал құрылғыңыздың атын **Model Name** тармағынан таңдаңыз.

- Mac OS X 10.4 үшін автоматты таңдау дұрыс істемесе, **Samsung** опциясын **Print Using** тармағынан, ал құрылғыңыздың атын **Model** тармағынан таңдаңыз.
- Mac OS X 10.5~10.6 үшін автоматты таңдау дұрыс істемесе, **Select a driver to use...** және құрылғыңыздың атын **Print Using** тармағынан таңдаңыз.

Құрылғыңыз **Printer List** пайда болады және әдепкі құрылғы ретінде белгіленеді.

17. **Add** түймесін басыңыз.



Егер принтер драйвері дұрыс істемесе, драйверді жойып, оны қайта орнатыңыз.

Macintosh драйверін жою үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

- Құрылғының компьютерге жалғанғанына және қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Жинақтағы бағдарламалық жасақтама дискін CD-ROM жетегіне салыңыз.
- Macintosh жұмыс үстелінде пайда болатын CD-ROM белгішесін екі рет басыңыз.
- MAC_Installer** қалтасын екі рет басыңыз.
- Installer OS X** белгішесін екі рет басыңыз.
- Құпиясөзін енгізіп, **OK** түймесін басыңыз.
- Samsung орнату терезесі ашылады. **Continue** түймесін басыңыз.
- Uninstall** опциясын таңдап, **Uninstall** түймесін басыңыз.
- Компьютеріңізде барлық бағдарламалардың жабылатыны туралы ескертетін хабар пайда болғанда, **Continue** түймесін басыңыз.
- Жою аяқталған соң, **Quit** түймесін басыңыз.


Linux

Принтер бағдарламалық жасақтамасын орнату үшін Linux бағдарламалық жасақтамасы пакеттерін Samsung веб-сайтынан жүктеу керек.


Бағдарламалық жасақтаманы орнату үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

Бірыңғай Linux драйверін орнату

- Құрылғының компьютерге жалғанғанына және қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Administrator Login** терезесі пайда болғанда, **Login** өрісінің түбіріне теріп, жүйе құпиясөзін енгізіңіз.


 Құрылғының бағдарламалық жасақтамасын орнату үшін озық пайдаланушы (түбір) ретінде кіруге тиістісіз. Егер сіз озық пайдаланушы болмасаңыз, жүйе әкімшісінен сұраңыз.

3. Samsung веб-сайтынан бірыңғай Linux драйвері пакетін компьютеріңізге жүктеп алыңыз.
4. **Unified Linux Driver** пакетін тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, пакеттен шығарып алыңыз.
5. **cdroot > autorun** түймесін екі рет басыңыз.
6. Сәлемдесу экраны пайда болғанда, **Next** түймесін басыңыз.



7. Орнату аяқталған соң, **Finish** түймесін басыңыз.

Орнату бағдарламасы «Unified Driver Configurator» жұмыс үстелі белгішесі мен «Unified Driver» тобын жүйе мәзіріне қолайлы боулы үшін қосты. Егер қиындықтан туындаса, жүйе мәзірінен немесе **Unified Driver Configurator** сияқты драйвер пакетіндегі Windows бағдарламаларынан қол жетімді анықтаманы қараңыз.

 Егер принтер драйвері дұрыс істемесе, драйверді жойып, оны қайта орнатыңыз.


Linux драйверін жою үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

- a) Құрылғының компьютерге жалғанғанына және қосылғанына көз жеткізіңіз.
- b) **Administrator Login** терезесі пайда болғанда, **Login** өрісінің түбіріне теріп, жүйе құпиясөзін енгізіңіз.
Принтер драйверін жою үшін озық пайдаланушы (түбір) ретінде кіруге тиістісіз. Егер сіз озық пайдаланушы болмасаңыз, жүйе әкімшісінен сұраңыз.
- c) Жұмыс үстелінің төменгі жағындағы белгішені басыңыз. Терминал экраны пайда болғанда, төмендегіні енгізіңіз:

```
[root@localhost root]#cd /opt/Samsung/mfp/uninstall/[root@localhost uninstall]#./uninstall.sh
```
- d) **Uninstall** түймесін басыңыз.
- e) **Next** түймесін басыңыз.
- f) **Finish** түймесін басыңыз.

SmartPanel бағдарламасын орнату

1. Құрылғының компьютерге жалғанғанына және қосылғанына көз жеткізіңіз.
2. **Administrator Login** терезесі пайда болғанда, **Login** өрісінің түбіріне теріп, жүйе құпиясөзін енгізіңіз.

 Құрылғының бағдарламалық жасақтамасын орнату үшін озық пайдаланушы (түбір) ретінде кіруге тиістісіз. Егер сіз озық пайдаланушы болмасаңыз, жүйе әкімшісінен сұраңыз.

3. Samsung веб-сайтынан **Smart Panel** пакетін компьютеріңізге жүктеп алыңыз.


4. Smart Panel пакетін тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, пакеттен шығарыңыз.

5. **cdroot > Linux > smartpanel > install.sh** файлын екі рет басыңыз.

Құрылғыны жергілікті желіде бөлісу

Құрылғыңызды жергілікті желіде компьютерлерді бөлісетін етіп қою үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.


Егер басты компьютер құрылғыға USB кабелі арқылы тікелей жалғанса және жергілікті желіге де қосылса, жергілікті желіге қосылған клиенттік компьютер басып шығару үшін басты компьютер арқылы ортақ құрылғыны пайдалана алады.



1	Басты компьютер	Құрылғыға USB кабелі арқылы тікелей жалғанған компьютер.
2	Клиенттік компьютерлер	Басты компьютер арқылы бөлісетін құрылғына пайдаланатын компьютерлер.

Windows

Басты компьютерді реттеу


1. Принтер драйверін орнатыңыз (28-беттегі "USB арқылы жалғанған құрылғы драйверін орнату" қараңыз).
2. Windows **Бастау** мәзірін ашыңыз.
3. Windows 2000 нұсқасы үшін **Параметрлер > Принтерлер** опциясын таңдаңыз.
 - Windows XP/2003 үшін **Принтерлер мен факстар** опциясын таңдаңыз.
 - Windows 2008/Vista нұсқасы үшін **Бақылау тақтасы > Аппараттық құралдар және дыбыс > Принтерлер** опциясын таңдаңыз.
 - Windows 7 нұсқасы үшін **Бақылау тақтасы > Аппараттық құралдар және дыбыс > Құрылғылар мен принтерлер** опциясын таңдаңыз.
 - Windows Server 2008 R2 нұсқасы үшін **Бақылау тақтасы > Аппараттық құралдар > Құрылғылар мен принтерлер** опциясын таңдаңыз.
4. Принтер белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен басыңыз.
5. Windows XP/2003/2008/Vista нұсқасы үшін **Сипаттар** түймесін басыңыз.
Windows 7 және Windows Server 2008 R2 нұсқалары үшін контекстік мәзірлерден **Принтердің сипаттары** опциясын таңдаңыз.
 -  Егер **Принтердің сипаттары** элементінде ► белгісі болса, таңдалған принтерге қосылған басқа принтер драйверлерін таңдауға болады.
6. **Ортақтасу** жиекбелгісін таңдаңыз.
7. **Ортақтасу параметрлерін өзгерту** опциясын белгілеңіз.

8. Осы принтерге ортақ қатынасу опциясын белгілеңіз.
9. Ортақ атау өрісіне толтырыңыз. **OK** түймесін басыңыз.

Клиенттік компьютерді реттеу


1. Принтер драйверін орнатыңыз (28-беттегі "USB арқылы жалғанған құрылғы драйверін орнату" қараңыз).
2. Windows **Бастау** мәзірін ашыңыз.
3. **Барлық бағдарламаларда > Қалыпталған > Windows жетектеушісі** опциясын таңдаңыз.
4. Мекенжай жолағына басты компьютердің IP мекенжайын енгізіп, пернетақтадағы Enter пернесін басыңыз.



 Басты компьютерге **Пайдаланушының аты** мен **Құпия сөз** қажет болған жағдайда, басты компьютер есептік жазбасының пайдаланушы аты мен құпиясөзін толтырыңыз.

5. Бөліскіңіз келген принтер белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, **Қосылу** опциясын таңдаңыз.
6. Егер реттеуді аяқтау хабары пайда болса, **OK** түймесін басыңыз.
7. Басып шығарғыңыз келген файлды ашып, басып шығаруды бастаңыз.

Macintosh

 Төмендегі қадамдар Mac OS X 10.5~10.6 жүйесіне арналған. Басқа операциялық жүйе нұсқалары үшін Mac анықтамасын қараңыз.

Басты компьютерді реттеу

1. Принтер драйверін орнатыңыз. (29-беттегі "Macintosh" қараңыз.)
2. **Applications** қалтасын > **System Preferences** тармағын ашып, **Print & Fax** түймесін басыңыз.
3. Бөлісетін принтерді **Printers list** таңдаңыз.
4. **Share this printer** опциясын таңдаңыз.

Клиенттік компьютерді реттеу

1. Принтер драйверін орнатыңыз. (29-беттегі "Macintosh" қараңыз.)
2. **Applications** қалтасын > **System Preferences** тармағын ашып, **Print & Fax** түймесін басыңыз.
3. «+» белгішесін басыңыз.
Ортақ принтердің атын көрсететін терезе пайда болады.
4. Құрылғыны таңдап, **Add** түймесін басыңыз.

Реттеу негіздері

Орнатқан соң, құрылғының әдепкі параметрлерін реттегіңіз келуі мүмкін. Мәндерін реттегіңіз немесе өзгертіңіз келсе, келесі бөлімді қараңыз. Бұл бөлімде құрылғыны реттеудің қадамдық нұсқаулары берілген.

Бұл бөлімде қамтылғандар:



- Әдепкі науа мен қағазды реттеу

Әдепкі науа мен қағазды реттеу

Басып шығару тапсырмасы арқылы сақталатын науа мен қағазды таңдауға болады.

Компьютерден

Windows

1. Windows **Бастау** мәзірін ашыңыз.
2. Windows 2000 нұсқасы үшін **Параметрлер > Принтерлер** опциясын таңдаңыз.
 - Windows XP/2003 үшін **Принтерлер мен факстар** опциясын таңдаңыз.
 - Windows 2008/Vista нұсқасы үшін **Бақылау тақтасы > Аппараттық құрал және дыбыс > Принтерлер** опциясын таңдаңыз.
 - Windows 7 нұсқасы үшін **Бақылау тақтасы > Аппараттық құрал және дыбыс > Құрылғылар мен принтерлер** опциясын таңдаңыз.
 - Windows Server 2008 R2 нұсқасы үшін **Бақылау тақтасы > Аппараттық құралдар > Құрылғылар мен принтерлер** опциясын таңдаңыз.
3. Құрылғыны тінтуірдің оң жақ түймесін басыңыз.
4. Windows XP/2003/2008/Vista нұсқасы үшін **Басып шығару теңшелімдері** түймесін басыңыз.
Windows 7 және Windows Server 2008 R2 нұсқалары үшін контекстік мәзірлерден **Басып шығару теңшелімдері** опциясын таңдаңыз.
 Егер **Басып шығару теңшелімдері** элементінде ► белгісі болса, таңдалған принтерге қосылған басқа принтер драйверлерін таңдауға болады.
5. **Қағаз** жиекбелгісін басыңыз.
6. Қағаз өлшемі мен түрі сияқты науа мен оның параметрлерін таңдаңыз.
7. **OK** түймесін басыңыз.
 Егер есеп-шот қағазы сияқты арнайы өлшемді қағазды пайдаланғыңыз келсе, **Правка...** опциясын **Басып шығару теңшелімдері** ішіндегі **Бумага** жиекбелгісінен таңдаңыз. (39-беттегі "Басып шығару параметрлерін ашу" қараңыз.)

Macintosh

Macintosh операциялық жүйесінде бұл функция жоқ. Macintosh пайдаланушылары басқа параметрлері арқылы басып шығарғысы келген сайын оларға әдепкі параметрді қолмен өзгерту керек болады.

- Қуат үнемдеу мүмкіндігін пайдалану

1. Macintosh бағдарламасын ашып, басып шығарылатын файлды таңдаңыз.
2. **File** мәзірін ашып, **Print** түймесін басыңыз.
3. **Paper Feed** тақтасына өтіңіз.
4. Басып шығарылатын тиісті науаны орнатыңыз.
5. **Paper** тақтасына өтіңіз.
6. Қағаз түрін басып шығарылатын науаға салынған қағазға сәйкестендіретін етіп қойыңыз.
7. Басып шығару үшін **Print** түймесін басыңыз.

Linux

1. **Terminal Program** тармағын ашыңыз.
2. Терминал экраны пайда болғанда, төменге енгізіңіз:
`[root@localhost root]# lpr <FileName>`
3. **Printer** опциясын таңдап, **Properties...** түймесін басыңыз
4. **Advanced** жиекбелгісін басыңыз.
5. Қағаз өлшемі мен түрі сияқты науа (ресурс) мен оның параметрлерін таңдаңыз.
6. **OK** түймесін басыңыз.

Қуат үнемдеу мүмкіндігін пайдалану

Құрылғыны біраз уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, қуат үнемдеу үшін осы мүмкіндікті пайдалануға болады.

1. Драйверді орнатыңыз (28-беттегі "USB арқылы жалғанған құрылғы драйверін орнату" қараңыз).
2. **Бастау > Бағдарламалар** немесе **Барлық бағдарламаларда > Samsung Printers > Samsung Easy Printer Manager > Samsung Easy Printer Manager** опциясын таңдаңыз.
3. **Параметры устройств > Устройство > Энергосбережение** опциясын таңдаңыз.
4. Ашылмалы тізімнен қажетті уақытты таңдаңыз.
5. **Сақтау** түймесін басыңыз.

Баспа құралы және науа

Бұл бөлімде баспа құралдарын құрылғыға салу жолдары туралы ақпарат берілген.

Бұл бөлімде қамтылғандар:

- Баспа құралын таңдау
- Науа өлшемін өзгерту
- Науаға қағаз салу

Баспа құралын таңдау

Қарапайым қағаз, конверттер, жапсырмалар және мөлдір қағаздар сияқты әр түрлі баспа құралдарына басып шығаруға болады. Әрдайым құрылғыда пайдалануға арналған нұсқауларға сай келетін және тиісті науадағы баспа құралдарын пайдаланыңыз.

Баспа құралдарын таңдауға арналған нұсқаулар

Бұл пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген нұсқауларға сай келмейтін баспа құралдары мына қателердің шығуына себеп болуы мүмкін:

- Нашар баспа сапасы.
- Қағаз кептелістерінің көбеюі.
- Құрылғыға алдын ала кіруі.
- Сақтандырғыштың үнемі күйіп кетуі, кепілдікте қамтылмаған.

Салмағы, құрамы, талшығы және құрамындағы ылғал сияқты қасиеттер құрылғының жұмысына және шығару сапасына әсер ететін маңызды факторлар болып табылады. Баспа материалдарын таңдағанда, мыналарды қарастырыңыз:

- Құрылғыңызға арналған баспа құралдарының түрі, өлшемі және салмағы баспа құралдарының сипаттамаларында берілген. (68-беттегі "Баспа құралдарының сипаттамалары" қараңыз.)
- Қалаған нәтиже: Таңдалатын баспа құралы жобаға сәйкес болуы керек.
- Ашықтығы: Кейбір баспа құралдары басқаларынан ақ болады және айқындай, өткірлеу суреттер басып шығарылады.
- Беттің біркелкілігі: Баспа құралының біркелкілігі қағазға басып шығарылғанның керемет көрінуіне әсер етеді.



- Кейбір баспа құралдары Бұл бөлімдегі нұсқаулардың барлығына сәйкес келуі мүмкін және қанағаттанарлық нәтижелер тудырмауы мүмкін. Оған қағаз сипаттары, дұрыс ұстамау, қабылданбаған температура және ылғалдылық деңгейлері немесе бақылауға келмейтін басқа ауытқулар себеп болуы мүмкін.
- Көп баспа құралын сатып алмастан бұрын оның осы пайдаланушы нұсқаулығындағы сипаттарға сәйкес келетініне және оның шығару талаптарына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.



- Бұл сипаттамаларға сәйкес келмейтін баспа құралдарын пайдалану жөндеуді қажет ететін ақаулар тудыруы мүмкін. Мұндай жөндеу жұмыстары кепілдікте немесе қызметтік келісімдерде қамтылмаған. Науаға салынған қағаздар өлшемі пайдаланылатын баспа құралы түріне сәйкес әр түрлі болуы мүмкін. (68-беттегі "Баспа құралдарының сипаттамалары" қараңыз.)

- Арнайы баспа құралына басып шығару
- Шыққан қағаздар ұстауышын пайдалану

- Тез тұтанатын баспа құралдарын пайдалану өртке себеп болуы мүмкін.
- Арнаулы баспа құралдарын пайдаланыңыз. (68-беттегі "Баспа құралдарының сипаттамалары" қараңыз.)



Тез тұтанатын баспа құралдарын немесе басқа материалдарды принтерде пайдалану құрылғының қызып кетуіне себеп болып, өрттің шығуына сирек себеп болуы мүмкін.


Әр режимде қолданылатын баспа құралдарының өлшемдері

Режим	Өлшемі	Түрі	Ресурс
Қарапайым басып шығару	Қағаз өлшемі туралы мәліметтерді 68-беттегі "Баспа құралдарының сипаттамалары" бөлімінен қараңыз.	Қағаз түрі туралы мәліметтерді 68-беттегі "Баспа құралдарының сипаттамалары" бөлімінен қараңыз.	Науа
Дуплексті басып шығару (қолмен) ^a	Letter, A4, Legal, US Folio, Oficio.	Қарапайым, түрлі түсті, басып шығарылған, қайта пайдаланылатын, құнды қағаз, мұрағат.	Науада қолмен беру

a. Тек 75 - 90 г/м² (20 - 24 фунт құнды қағаз) (68-беттегі "Баспа құралдарының сипаттамалары" қараңыз).


Науа өлшемін өзгерту

Науа еліңізге байланысты Letter немесе A4 өлшеміне қойылған. Өлшемін өзгерту үшін қағаз реттеуіштерін дұрыстау керек.




- 1 Қағаз енін реттеуіш
- 2 Науа
- 3 Қағаз ұзындығын реттеуіш

1. Алдыңғы жабынын ашып, қағаз ұзындығын реттеуішті босатып, науаны ұзарту үшін оны шығарыңыз.




Құрылғы өте жеңіл болғандықтан, науаны ашып жапқанда немесе картриджді алып салғанда ол қозғалып кетуі мүмкін. Бұл әрекеттерді орындаған кезде құрылғыны қозғалтып алмаңыз.

2. Қағаздарды салмай тұрып, беттерді бөлектеу үшін қағаздар жиегін иіңіз немесе үрлеңіз. Қағазды науаға салыңыз.




3. Қағаздың басып шығарылатын бетін жоғары қаратып салыңыз. Төрт бұрышының барлығының науада тегіс жатқанына көз жеткізіңіз.



Науаға қағазды көп салмаңыз. Әйтпесе, одан қағаз кептеліп қалуы мүмкін.

4. Қағаз ұзындығын реттеуіш қағаздың артқы жиегіне тигізіп қойыңыз, сосын қағаз енін реттеуіштерді қағаз жандарына тигізіп қойыңыз.




- Баспа құралының майысуына себеп болмауы үшін қағазды реттеуішінен алыстан ұстамаңыз.
- Майысқан жері 6 мм асатын қағазды пайдаланбаңыз.
- Егер қағаз енін реттеуішті дұрыстамасаңыз, ол қағаздың кептелуіне себеп болуы мүмкін.




Науаға қағаз салу

Науа

1. Алдыңғы жабынын ашып, қағаз ұзындығын реттеуішті босатып, науаны ұзарту үшін оны шығарыңыз. Сосын науа өлшемін салынатын баспа құралы өлшеміне дұрыстаңыз. (34-беттегі "Науа өлшемін өзгерту" қараңыз.)
2. Қағазды салмай тұрып, беттерді бөлектеу үшін қағаздар жиегін иіңіз немесе үрлеңіз.



3. Қағаздың басып шығарылатын жағын жоғары қаратып салыңыз.



Құжатты басып шығарғанда, қағаз түрі мен өлшемін науаға қарай орнатыңыз.

Қағаз түрі мен өлшемін басқару тақтасынан белгілеу туралы ақпарат алу үшін. (32-беттегі "Өдепкі науа мен қағазды реттеу" қараңыз.)


- Егер қағаз беру кезінде қиындықтар туындаса, қағаздың баспа құралы сипаттамаларына сәйкес келуін тексеріңіз. Сосын бір парақ қағазды кез келген уақытта науа салып көріңіз. (68-беттегі "Баспа құралдарының сипаттамалары", 35-беттегі "Арнайы баспа құралына басып шығару" қараңыз.)
- Құрылғы драйверінен жасалған параметрлер басқару тақтасындағы параметрлерден басым болады.

Науада қолмен беру




Науа ашықхаттар, жазбахаттар және конверттер сияқты баспа материалының арнайы өлшемдері мен түрлеріне арналған. Ол баспа үлгісіне немесе түрлі түсті қағазға басып шығарылатын бір бетке пайдаланылады.

Қолмен беру әдісін пайдалану туралы кеңестер

- Егер **Бумага > Источник > Ручная подача** опциясын принтер драйверінен таңдасаңыз, әр бетті басып шығарған сайын  түймесін басу керек. Кез келген уақытта науаға түрі, өлшемі және салмағы бірдей баспа құралдарын салыңыз.
 - Қағаздардың кептелуіне жол бермеу үшін басып шығарып жатқанда баспа құралдарын қоспаңыз.
 - Алдымен баспа құралдарын науаға кіретін жиегін жоғары қаратып салу керек және олар науаның ортасында болуы керек.
 - Әрдайым қағаз кептелісіне және баспа сапасына қатысты қиындықтардың туындауына жол бермеу үшін ұсынылған баспа құралдарын салыңыз. (68-беттегі "Баспа құралдарының сипаттамалары" қараңыз.)
 - Ашықхаттарды, конверттерді және жапсырмаларды науаға салмас бұрын, олардың майысқан жерлерін тегістеп алыңыз.
1. Науаға қағаз салыңыз.




- Арнайы баспа құралдарына басып шығарғанда, салу нұсқауларын орындауыңыз керек. (35-беттегі "Арнайы баспа құралына басып шығару" қараңыз.)
 - Басып шығару кезінде қағаз дұрыс берілмесе, қағаз автоматты түрде беріле бастағанша, оны қолмен ақырындап итеріңіз.
2. Науадағы қағаз енін реттеуіштерді қысып, оларды қағаздың еніне сәйкес дұрыстаңыз. Оларға қатты күш салмаңыз, әйтпесе, қағаз майысып, нәтижесінде қағаздың кептелуі немесе иіліп кетуі мүмкін.
 3. Шыққан қағаздар ұстауышын ашыңыз.

4. Бағдарламадан басып шығару үшін бағдарламаны ашып, басып шығару мәзірін ашыңыз.
5. **Басып шығару теңшелімдері** опциясын ашыңыз. (39-беттегі "Басып шығару параметрлерін ашу" қараңыз.)
6. **Бумага** жиекбелгісін **Басып шығару теңшелімдері** ішінен басып, тиісті қағаз түрін таңдаңыз.
 -  Мысалы, жапсырманы пайдаланғыңыз келсе, қағаз түріне **Наклейка** мәнін белгілеңіз.
7. Қағаз ресурсынан **Ручная подача** опциясын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.
8. Басып шығаруды бастаңыз.
 -  Егер бірнеше бет басып шығарсаңыз, келесі қағазды бірінші бет басып шығарылғаннан кейін салыңыз, сосын  түймесін басыңыз. Әрбір басып шығарылатын бет үшін осы қадамды қайталаңыз.

Арнайы баспа құралына басып шығару

Кестеде басып шығаруға арналған қол жетімді арнайы баспа құралдары көрсетілген.


-  Арнайы баспа құралына басып шығарғанда, бір қағазды бір уақытта беруді ұсынамыз. Науаға баспа құралдарының барынша көп салынатын санын тексеріңіз. (68-беттегі "Баспа құралдарының сипаттамалары" қараңыз.)

Түрлері	науа	Науада қолмен беру ^a
Обычная бумага	•	•
Плотная бумага	•	•
Тонкая бумага	•	•
Хлопковая		•
Цвет		•
Форма		•
Вторичная бумага	•	•
Конверт		•
Прозрачная пленка		•
Наклейки		•
Картон		•
Высокосортная бумага		•
Архив.	•	•

a. Бір уақытта бір қағаз салыңыз.


(•: қолданылады, бос: қолданылмайды)

Төмендегі баспа құралдары **Басып шығару теңшелімдері** көрсетілген. Бұл қағаз түрі опциясы науаға салынатын қағаз түрін белгілеуге мүмкіндік береді. Тиісті баспа құралын таңдау басып шығару сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Сәйкес келмейтін баспа құралын таңдау нәтижесінде басып шығару сапасы нашарлауы мүмкін.

- **Қарапайым:** Қалыпты қарапайым қағаз. Егер 60 - 120 г/м² (16 - 32 фунт) қағазға басып шығаратын болсаңыз, осы түрді таңдаңыз.
 - **Плотная бумага:** 90 - 163 г/м² (24 - 43 фунт) қалың қағаз.
 - **Тонкая бумага:** 60 - 70 г/м² (16 - 19 фунт) қалың қағаз.
 - **Хлопковая:** 75 - 90 г/м² (20 - 24 фунт) мақталы қағаз.
 - **Цвет:** 75 - 90 г/м² (20 - 24 фунт) түрлі түсті қағаз.
 - **Форма:** 75 - 90 г/м² (20 - 24 фунт) басып шығарылған/баспа үлгісіндегі қағаз.
 - **Вторичная бумага:** 60 - 90 г/м² (16 - 24 фунт) қайта пайдаланылатын қағаз.
-  Қайта пайдаланылатын қағаз пайдаланылғанда, басып шығарылған қағаздар мыжылуы мүмкін және/немесе қатты майысудан қағаз кептелуі мүмкін.
- **Картон:** 105 - 163 г/м² (28 - 43 фунт) қатырма қағаз.
 - **Конверт:** 75 - 90 г/м² (20 - 24 фунт) конверт.
 - **Прозрачная пленка:** 138 - 146 г/м² (37 - 39 фунт) мөлдір қағаз.
 - **Наклейки:** 120 - 150 г/м² (32 - 40 фунт) жапсырмалар.
 - **Высокосортная бумага:** 105 - 120 г/м² (28 - 32 фунт) құнды қағаз.
 - **Архив:** 70 - 90 г/м² (19 - 24 фунт) Егер ұзақ уақыт басып шығару керек болса, осы мұрағаттар сәйкес келеді.


Конверттер

Конверттерге сәтті басып шығару конверттер сапасына байланысты. Конвертке басып шығару үшін штамп аумағы конверттің сол және төменгі жағында болуы керек, сондай-ақ, штамп аумағы принтерге науаның ортасынан бірінші кіруі керек.



- Конверттер таңдалғанда, мына факторларды қарастырыңыз:
 - **Салмағы:** Конверт қағаздың салмағы 90 г/м² аспауы керек, әйтпесе, кептеліп қалуы мүмкін.
 - **Құрылым:** Басып шығарғанға дейін конверттер майысқан жері 6 мм аз болып, тегіс жатуы керек және арасында ауа болмауы керек.
 - **Жағдай:** Конверттер мыжылмаған, белгіленбеген не бүлінбеген болуы керек.
 - **Температура:** Жұмыс кезінде құрылғының қызуымен және қысымымен үйлесімді конверттерді пайдаланыңыз.
- Дәл және жақсы қайырылған, жақсы құрастырылған конверттерді ғана пайдаланыңыз.
- Штампталған конверттерді пайдаланбаңыз.
- Қысқыштары, қыстырғыштары, кестелері, сыртқы сызығы, өздігінен жабысатын тығыздағыштары немесе басқа да синтетикалық материалдары бар конверттерді пайдаланбаңыз.
- Зақымдалған немесе нашар жасалған конверттерді пайдаланбаңыз.

- Конверттің екі жағындағы тігістің конверттің бұрыштарына қарай созылатынын ұмытпаңыз.




1 Рұқсат етіледі

2 Рұқсат етілмейді

- Желімді жолағы немесе мөр қойылатын бірнеше қайырмасы бар конверттерде құрылғының термофиксатор температурасы 170 °C (338 °F) 0,1 секундқа жоғары болатын үйлесімді жабыстырғыштар пайдаланылуы керек. Қосымша соққылар мен жолақтар қағаздың мыжылуына, қыртыстануына немесе кептелуіне себеп болуы мүмкін және тіпті термофиксаторды зақымдауы мүмкін.
- Басып шығару сапасын жақсарту үшін шеттерін конверттің жиектеріне 15 мм әрі жақындатпаңыз.
- Конверт тігістерінің сәйкес келген жерін басып шығармаңыз.

Мөлдір қағаздар


Құрылғының зақымдалуына жол бермеу үшін лазерлі принтерлерге арналған мөлдір қағаздарды ғана пайдаланыңыз.



- Құрылғыда пайдаланылатын мөлдір қағаздар құрылғының термофиксатор температурасына шыдауы керек.
- Оларды құрылғыдан алғаннан кейін тегіс жерге қойыңыз.
- Пайдаланылмаған мөлдір қағаздарды қағаздың үстінде ұзақ уақытқа қалдырмаңыз. Шаң мен кір оларға жиналып, дақ болып басып шығарылуына себеп болуы мүмкін.
- Саусақ іздеріңіз қалып қоймауы үшін мөлдір қағаздарды дұрыстап ұстаңыз.
- Суреттің анық болмауына жол бермеу үшін басып шығарылған мөлдір қағаздарды ұзақ уақыт күн көзінде қалдырмаңыз.
- Мөлдір қағаздардың мыжылмағанына, майыспағанына және жиектерінің жыртылмағанына көз жеткізіңіз.
- Артқы қағаздан бөлектеу үшін мөлдір қағаздарды пайдаланбаңыз.
- Мөлдір қағаздардың бір-біріне жабысып қалуына жол бермеу үшін басып шығарылған қағаздарды бірінің үстіне бірін қоймаңыз.

Жапсырмалар


Құрылғының зақымдалуына жол бермеу үшін лазерлі құрылғыларға арналған жапсырмаларды ғана пайдаланыңыз.



- Жапсырмалар таңдалғанда, мына факторларды қарастырыңыз:
 - Жабыстырғыштар:** Жабыстырғыш материал құрылғының термофиксатор температурасында (шамамен 170 °C (338 °F)) бірқалыпта болуы керек.
 - Ретке келтіру:** Жапсырмаларды қабаттастырмай пайдаланыңыз. Жапсырмалар араларында бос орындары бар парақтарға жабысып, күрделі кептеліске себеп болуы мүмкін.
 - Майысу:** Басып шығарғанға дейін жапсырмалар кез келген бағытқа майысқан жері 13 мм аспай тегіс жатуы керек.
 - Жағдай:** Мыжылған, көпіршікті немесе басқа бөлектеу көрсеткіштері бар жапсырмаларды пайдаланбаңыз.
- Жапсырмалар арасында жабыстырғыш материалдың жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Ол аумақтар жапсырмалардың басып шығару кезінде жабысуына себеп болып, қағаздардың кептелуіне алып келуі мүмкін. Сондай-ақ, жабыстырғыш құрылғы бөлшектерінің зақымдалуына себеп болуы мүмкін.
- Бір парақ жапсырманы құрылғыдан бір реттен аса өткізбеңіз. Жабыстырғыш артқы беті құрылғыдан бір-ақ рет өтуге арналған.
- Артқы парақтан бөлектеп тұрған немесе мыжылған, көпіршікті немесе басқаша зақымдалған жапсырмаларды пайдаланбаңыз.


Қатырма қағаз/Таңдамалы өлшемдегі қағаз

Ашықхаттарды, карталарды және басқа таңдамалы өлшемдегі материалдарды осы құрылғымен басып шығаруға болады.



- Ені 76 мм немесе ұзындығы 183 мм кіші баспа құралдарына басып шығармаңыз.
- Бағдарламалық жасақтамаларда шеттерін материал жиектерінен 6,4 мм алыстау етіп қойыңыз.

Баспа үлгісіндегі/Басып шығарылған қағаз




- Баспа өлшеміндегі/Басып шығарылған қағаз құрылғының термофиксатор температурасына (шамамен 170 °C (338 °F)) 0,1 секундқа ерімейтін, буланбайтын немесе қауіп-қатерлі жылу бөлмейтін ыстыққа төзімді сиямен басып шығарылуы керек.
- Баспа өлшеміндегі/Басып шығарылған қағаз сиясы тез тұтанбайтын болуы және құрылғы роликтеріне кері әсер етпеуі керек.
- Үлгілер мен баспа үлгілері сақтау кезінде өзгермеуі үшін дымқыл өтпейтін бетпен қапталуы керек.
- Баспа үлгісін/басып шығарылған қағазды салмас бұрын, қағаздағы сияның кепкенін тексеріңіз. Термофиксатор процесі кезінде дымқыл сия басып шығарылған қағаздан келіп, баспа сапасын төмендетуі мүмкін.

Шыққан қағаздар ұстауышын пайдалану

- Егер бірден көп бет басып шығарсаңыз, шыққан қағаздар науасының беті қызып кетуі мүмкін. Бетіне тиіспегеніңізге көз жеткізіп, балалардың жақындауына жол бермеңіз.

Басып шығарылған беттер шыққан қағаздар ұстауышына жиналады, ал ұстауыш басып шығарылған беттердің туралануына көмектеседі. Принтер басып шығарылған қағаздарды әдепкісінше шыққан қағаздар науасына жібереді.




Басып шығару

Бұл бөлімде жалпы басып шығару тапсырмалары туралы түсіндіріледі.

Бұл бөлімде қамтылғандар:

- Принтер драйвері мүмкіндіктері
- Басып шығару негіздері
- Басып шығару параметрлерін ашу
- Анықтаманы пайдалану
- Арнайы басып шығару мүмкіндіктерін пайдалану


 Бұл бөлімдегі процедуралар негізінен Windows XP жүйесіне негізделген.

Принтер драйвері мүмкіндіктері

Принтер драйверлерінде төмендегі стандартты мүмкіндіктер бар:

- Қағаз бағыты, өлшемі, көзі және баспа құралын таңдау
- Көшірмелер саны

Бұған қосымша әр түрлі арнайы басып шығару мүмкіндіктерін пайдалануға болады. Төмендегі кестеде принтер драйвері қолдайтын мүмкіндіктерге жалпы шолу жасалады:

 Кейбір модельдер немесе операциялық жүйелер төмендегі кестедегі мүмкіндіктердің біразын қолдамауы мүмкін.


Принтер драйвері

Мүмкіндік	Windows
Баспа сапасы опциясы	•
Плакат басып шығару	•
Бірнеше бет/парақ	•
Кітапша басып шығару (қолмен)	•
Бетке сәйкестендіріп басып шығару	•
Кішірейтіп және үлкейтіп басып шығару	•
Бірінші бетке арналған әр түрлі ресурс	•
Су таңбасы	•
Қабаттастыру	•
Екі жағына басып шығару (қолмен)	•

(•: қолданылады)


Басып шығару негіздері



Құрылғы әр түрлі Windows, Macintosh немесе Linux бағдарламаларынан басып шығаруға мүмкіндік береді. Құжатты басып шығаруға арналған нақты қадамдар пайдаланылатын бағдарламаға байланысты өзгеруі мүмкін.

 Пайдаланушы нұсқаулығында пайда болатын **Басып шығару параметрлері** терезесі пайдаланылатын құрылғыға байланысты өзгеруі мүмкін. Дегенмен, **Басып шығару**


- Әдепкі басып шығару параметрлерін өзгерту
- Құрылғыңызды әдепкі құрылғы етіп орнату
- Файлға басып шығару (PRN)
- Macintosh басып шығару
- Linux басып шығару

параметрлері терезесінің құрылымы бірдей. Құрылғымен үйлесімді операциялық жүйені(лерді) тексеріңіз. Принтердің техникалық сипаттамалары бөлімінен операциялық жүйе үйлесімділігін қараңыз. (27-беттегі "Жүйеге қойылатын талаптар" қараңыз.)

- **Басып шығару параметрлері** ішінен кез келген опция таңдалғанда, ескерту белгісін,  немесе  көріңіз мүмкін.


Леп белгісі () белгілі бір, бірақ ұсынылмайтын опцияны таңдауға болатынын білдіреді, ал () белгісі сол опцияны құрылғы параметрлеріне немесе ортасына байланысты таңдауға болмайтынын білдіреді.

Төмендегі процедура әр түрлі Windows бағдарламаларынан басып шығаруға қажетті жалпы қадамдарды сипаттайды.


-  • Macintosh басып шығару негіздері. (44-беттегі "Macintosh басып шығару" қараңыз.)
- Linux басып шығару негіздері. (45-беттегі "Linux басып шығару" қараңыз.)

Төмендегі **Басып шығару параметрлері** терезесі Windows XP жүйесіндегі блокнотқа арналған. **Басып шығару параметрлері** терезесі операциялық жүйеге немесе пайдаланылатын бағдарламаға байланысты әр түрлі болуы мүмкін.


1. Басып шығарғыңыз келген құжатты ашыңыз.
2. **Басып шығару** опциясын **Файл** мәзірінен таңдаңыз. **Басып шығару** терезесі пайда болады.
3. Құрылғыны **Принтер таңдау** тізімінен таңдаңыз.



Негізгі басып шығару параметрлері, оның ішінде көшірмелер санын және басып шығару ауқымын **Басып шығару** терезесінен таңдауға болады.

 Принтер драйверінде берілген принтер мүмкіндіктерінің артықшылығын қолдану үшін **Сипаттар** немесе **Параметрлер** опциясын бағдарламаның **Басып шығару** терезесінен таңдап, басып шығару параметрін өзгертіңіз. (39-беттегі "Басып шығару параметрлерін ашу" қараңыз.)

4. Басып шығаруды бастау үшін **ОК** немесе **Басып шығару** опциясын **Басып шығару** терезесінен таңдаңыз.


 **Samsung AnyWeb Print** экранда түсірілген суреттерге немесе суретті басып шығаруға уақытыңызды үнемдейді. Windows жүйесінде бұл құралды жүктеуге болатын веб-сайтпен байланысу үшін **Бастау > Барлық бағдарламаларда > Samsung Printers > Samsung AnyWeb Print** параметрін таңдаңыз. Macintosh жүйесінде **Бағдарлама > Samsung > Samsung AnyWeb Print** түймесін басыңыз.

Басып шығарудан бас тарту



Егер басып шығару тапсырмасы басып шығару кезегінде немесе басып шығару спулерінде күтіп тұрса, тапсырмадан былайша бас тартыңыз:


1. Windows **Бастау** мәзірін ашыңыз.
2. Windows 2000 нұсқасы үшін **Параметрлер > Принтерлер** опциясын таңдаңыз.
 - Windows XP/2003 үшін **Принтер мен факстар** опциясын таңдаңыз.
 - Windows 2008/Vista нұсқасы үшін **Бақылау тақтасы > Аппараттық құрал және дыбыс > Принтерлер** опциясын таңдаңыз.
 - Windows 7 нұсқасы үшін **Бақылау тақтасы > Аппараттық құрал және дыбыс > Құрылғылар және принтерлер** опциясын таңдаңыз.
 - Windows Server 2008 R2 нұсқасы үшін **Бақылау тақтасы > Аппараттық құрал > Құрылғылар және принтерлер** опциясын таңдаңыз.
3. Windows 2000, XP, 2003, 2008 және Vista үшін құрылғыңызды екі рет басыңыз.

Windows 7 және Windows Server 2008 R2 үшін принтер белгішесін > контекстік мәзірлерді > **Не басып шығарылып жатқанын көру** опциясын тіптіүрдің оң жақ түймесімен басыңыз.

 Егер **Не басып шығарылып жатқанын көру** элементінде ► белгісі болса, таңдалған принтерге қосылған басқа принтер драйверлерін таңдауға болады.

4. **Құжат** мәзірінен **Бас тарту** опциясын таңдаңыз.

 Сондай-ақ, Windows тапсырмалар жолағындағы құрылғы белгішесін () екі рет басып, бұл терезеге кіруге болады.


Сондай-ақ, басқару тақтасындағы  түймесін басып, ағымдағы тапсырмадан бас тартуға болады.

Басып шығару параметрлерін ашу

Таңдалған параметрлерді **Басып шығару параметрлері** жоғарғы оң жағынан қарап алуға болады.

1. Басып шығарғыңыз келген құжатты ашыңыз.
2. **Басып шығару** опциясын файл мәзірінен таңдаңыз. **Басып шығару** терезесі пайда болады.
3. Құрылғыны **Принтер таңдау** тізімінен таңдаңыз.

4. **Сипаттар** немесе **Параметрлер** түймесін басыңыз.




Таңдаулы параметрді пайдалану

Samsung жиекбелгісінен басқа параметрлерің жиекбелгісінің әрқайсысынан көрінетін **Предустановки** опциясы ағымдағы параметрлерді келешекте пайдалану үшін сақтауға мүмкіндік береді.

Предустановки элементін сақтау үшін:

1. Әр жиекбелгіден параметрлерді қажетінше өзгертіңіз.
2. **Предустановки** кіріс жәшігіндегі элементке атау енгізіңіз.



3. **Добавить** түймесін басыңыз. **Предустановки** сақталғанда, барлық ағымдағы драйвер параметрлері сақталады.

Егер **Добавить** түймесін бассаңыз, **Добавить** түймесі **Обновить** түймесіне өзгереді. Басқа параметрлерді таңдап, **Обновить** түймесін басыңыз, параметрлер жасалған **Предустановки** құрамына қосылады. Сақталған параметрді пайдалану үшін оны **Предустановки** ашылмалы тізімінен таңдаңыз. Құрылғы енді таңдалған параметрлерге сәйкес басып шығаратын болып белгіленді.

Сақталған параметрлерді жою үшін оны **Предустановки** ашылмалы тізімінен таңдап, **Удалить** түймесін басыңыз.

Сондай-ақ, **По умолчанию** опциясын **Предустановки** ашылмалы тізімінен таңдап, принтер драйверінің әдепкі параметрлерін қалпына келтіруге болады.

Анықтаманы пайдалану

Терезенің жоғарғы оң жақ бұрышындағы сұрақ белгісін басып, білгіңіз келген тақарыпты таңдаңыз. Сосын қалқыма терезе драйверден берілген опция мүмкіндігі туралы ақпаратпен пайда болады.



Егер ақпаратты кілтсөзбен іздегіңіз келсе, **Samsung** жиекбелгісін басып шығару параметрлері терезесінен басып, **Справка** опциясының енгізу жолына кілтсөз енгізіңіз. Жабдықтар, драйвер жаңартулары немесе тіркеу және т.б. туралы ақпарат алу үшін тиісті түймелерді басыңыз.

Арнайы басып шығару мүмкіндіктерін пайдалану

Арнайы басып шығару мүмкіндіктеріне кіретіндер:

- 40-беттегі "Бір парақ қағазға бірнеше бет басып шығару"
- 40-беттегі "Плакаттар басып шығару"
- 40-беттегі "Кітапшалар басып шығару (қолмен)"
- 41-беттегі "Қағаздың екі бетіне басып шығару (қолмен)"
- 41-беттегі "құжаттың пайыздық көрсеткішін өзгерту"
- 41-беттегі "Құжатты таңдалған қағаз өлшеміне сәйкестендіру"
- 41-беттегі "Су таңбаларын пайдалану"
- 42-беттегі "Қабаттастыруларды пайдалану"
- 43-беттегі "Баспа сапасы опциялары"


Бір парақ қағазға бірнеше бет басып шығару

Бір парақ қағазға басып шығарылатын беттер санын таңдауға болады. Әр параққа бір беттен аса басып шығару үшін беттер өлшемі жағынан кішірейіп, көрсетілетін ретке келтіріледі. Бір парақта 16 бетке дейін басып шығаруға болады.


1. Бағдарламалық жасақтамадағы басып шығару параметрлерін өзгерту үшін **Басып шығару параметрлері** опциясына өтіңіз. (39-беттегі "Басып шығару параметрлерін ашу" қараңыз.)
2. **Основные** жиекбелгісін басып, **Несколько страниц на стороне** опциясын **Тип** ашылмалы тізімінен таңдаңыз.
3. Әр бетке басып шығарғыңыз келген беттер санын (2, 4, 6, 9 немесе 16) **Страниц:** ашылмалы тізімінен таңдаңыз.
4. Қажет болса, беттер ретін **Порядок страниц** ашылмалы тізімінен таңдаңыз.
5. Парақтың әр бетіндегі жиекті басып шығару үшін **Печатать границы страниц** түймесін басыңыз.
6. **Бумага** жиекбелгісін басып, **Размер бумаги, Источник және Тип** опциясын таңдаңыз.
7. **Басып шығару** терезесінен шыққанша, **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

Плакаттар басып шығару

Бұл мүмкіндік бір плакат өлшеміндегі құжат жасау үшін парақтарды бірге қою мақсатымен бір бетті құжатты 4, 9 немесе 16 парақ қағазға басып шығаруға мүмкіндік береді.




1. Бағдарламалық жасақтамадағы басып шығару параметрлерін өзгерту үшін **Басып шығару параметрлері** опциясына өтіңіз. (39-беттегі "Басып шығару параметрлерін ашу" қараңыз.)
2. **Основные** жиекбелгісін басып, **Плакат** опциясын **Тип** ашылмалы тізімінен таңдаңыз.
3. Қажетті бет орналасуын таңдаңыз.
Қол жетімді орналасулар:
 - **Плакат 2x2:** Құжат үлкейтіліп, 4 бетке бөлінеді.
 - **Плакат 3x3:** Құжат үлкейтіліп, 9 бетке бөлінеді.
 - **Плакат 4x4:** Құжат үлкейтіліп, 16 бетке бөлінеді.
4. **Перекрытие частей плаката** мәнін таңдаңыз. Парақтардың бірге қоюды жеңілдету үшін **Основные** жиекбелгісінің жоғарғы оң жағындағы ауыстыратын түймені таңдап, **Перекрытие частей плаката** мәнін миллиметрмен немесе дюйммен көрсетіңіз.



5. **Бумага** жиекбелгісін басып, **Размер бумаги, Источник және Тип** опциясын таңдаңыз.
6. **Басып шығару** терезесінен шыққанша, **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.
7. Парақтарды бірге қойып, плакат жұмысын аяқтауға болады.

Кітапшалар басып шығару (қолмен)

Бұл мүмкіндік құжатты қағаздың екі жағына басып шығарып, беттерді ретке келтіреді, сонда кітапша жасау үшін басып шығарғаннан кейін қағазды жартысынан бүктеуге болады.

-  Егер кітапша жасағыңыз келсе, Letter, Legal, A4, US Folio немесе Oficio өлшеміндегі баспа құралдарына басып шығару керек.



1. Бағдарламалық жасақтамадағы басып шығару параметрлерін өзгерту үшін **Басып шығару параметрлері** опциясына өтіңіз. (39-беттегі "Басып шығару параметрлерін ашу" қараңыз.)
2. **Основные** жиекбелгісін басып, **Брошюра** опциясын **Тип** ашылмалы тізімінен таңдаңыз.
3. **Бумага** жиекбелгісін басып, **Размер бумаги, Источник және Тип** опциясын таңдаңыз.



Брошюра опциясы барлық қағаз өлшемі үшін қол жетімді емес. Бұл мүмкіндікке қол жетімді қағаз өлшемін білу үшін қол жетімді қағаз өлшемін **Бумага** жиекбелгісіндегі **Размер бумаги** опциясынан таңдаңыз.

Егер қолданылмайтын қағаз өлшемін таңдасаңыз, бұл опциядан автоматты түрде бас тартуға болады. Тек қол жетімді қағазды таңдаңыз. (⚠ немесе ❌ белгісі жоқ қағаз).

4. **Басып шығару** терезесінен шыққанша, **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.
5. Басып шығарған соң, беттерді бүктеп қыстырыңыз.


Қағаздың екі бетіне басып шығару (қолмен)

Қағаздың екі бетіне басып шығаруға болады (дуплексті). Басып шығарудан бұрын құжаттың қалай бағытталатынын шешіп алыңыз. Бұл мүмкіндікті Letter, Legal, A4, US Folio немесе Oficio өлшеміндегі қағазға пайдалануға болады. (68-беттегі "Баспа құралдарының сипаттамалары" қараңыз.)




Жапсырмалар, конверттер немесе қалың қағаз сияқты арнайы баспа құралдарының екі жағына да басып шығаруға кеңес берілмейді. Ол қағаздың кептелуіне немесе құрылғының зақымдалуына себеп болуы мүмкін.

1. Бағдарламалық жасақтамадағы басып шығару параметрлерін өзгерту үшін **Басып шығару параметрлері** опциясына өтіңіз. (39-беттегі "Басып шығару параметрлерін ашу" қараңыз.)
2. **Дополнительно** жиекбелгісін басыңыз.
3. **Двусторонняя печать в ручном режиме** бөлімінен қажетті түптеу опциясын таңдаңыз.
 - **Нет**
 - **Длинная кромка:** Бұл опция кітапша түптеу кезінде пайдаланылатын кәдімгі орналасу болып табылады.



- **Короткая кромка:** Бұл опция күнтізбелерде пайдаланылатын кәдімгі орналасу болып табылады.




4. **Бумага** жиекбелгісін басып, **Размер бумаги**, **Источник** және **Тип** опциясын таңдаңыз.
5. **Басып шығару** терезесінен шыққанша, **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.



Егер құрылғыда дуплексті бірлік болмаса, басып шығару тапсырмасын қолмен аяқтау керек. Құрылғы алдымен құжаттың әрбір басқа бетіне басып шығарады. Одан кейін хабар компьютерде пайда болады. Басып шығару тапсырмасын аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Құжаттың пайыздық көрсеткішін өзгерту


Қажетті пайыздық көрсеткішті енгізіп, басып шығарылған бетке үлкейтіп немесе кішірейтіп шығару үшін құжаттың өлшемін өзгертуге болады.



1. Бағдарламалық жасақтамадағы басып шығару параметрлерін өзгерту үшін **Басып шығару параметрлері** опциясына өтіңіз. (39-беттегі "Басып шығару параметрлерін ашу" қараңыз.)
2. **Бумага** жиекбелгісін басыңыз.
3. Шкалалық мөлшерді **Проценты** кіріс жәшігіне енгізіңіз. Сондай-ақ, шкалалық мөлшерді таңдау үшін жоғары/төмен көрсеткілерін басуға болады.
4. **Размер**, **Источник** және **Тип** опциясын **Параметры бумаги** ішінен таңдаңыз.
5. **Басып шығару** терезесінен шыққанша, **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

Құжатты таңдалған қағаз өлшеміне сәйкестендіру


Бұл мүмкіндік құжат өлшеміне қарамастан таңдалған қағаз өлшеміне басып шығару тапсырмасын сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Кішкентай құжат туралы нақты мәліметтерді тексергіңіз келгенде, ол пайдалы.



1. Бағдарламалық жасақтамадағы басып шығару параметрлерін өзгерту үшін **Басып шығару параметрлері** опциясына өтіңіз. (39-беттегі "Басып шығару параметрлерін ашу" қараңыз.)
2. **Бумага** жиекбелгісін басыңыз.
3. Қажетті қағаз өлшемін **По размеру страницы** ішінен таңдаңыз.
4. **Размер**, **Источник** және **Тип** опциясын **Параметры бумаги** ішінен таңдаңыз.
5. **Басып шығару** терезесінен шыққанша, **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

Су таңбаларын пайдалану

Су таңбасы опциясы бар құжаттағы мәтінді басып шығаруға мүмкіндік береді. Мысалы, құжаттың бірінші бетіне немесе барлық беттеріне диагоналінен басылатын «ЖОБА» немесе «ҚҰПИЯ» деп оқылатын үлкен сұр әріптердің болғанын қалағаныңызда, оны пайдаланасыз.



Құрылғымен бірге келетін алдын ала анықталған бірнеше су таңбасы бар. оларды өзгертуге болады немесе жаңаларын тізімге қосуға болады.

Бар су таңбасын пайдалану

1. Бағдарламалық жасақтамадағы басып шығару параметрлерін өзгерту үшін **Басып шығару параметрлері** опциясына өтіңіз. (39-беттегі "Басып шығару параметрлерін ашу" қараңыз.)
2. **Дополнительно** жиекбелгісін басып, қажетті су таңбасын **Водяной знак** ашылмалы тізімінен таңдаңыз. Таңдалған су таңбасын алдын ала қарап алу суретінен көресіз.
3. Басып шығару терезесінен шыққанша, **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

Су таңбасын жасау

1. Бағдарламалық жасақтамадағы басып шығару параметрлерін өзгерту үшін **Басып шығару параметрлері** опциясына өтіңіз. (39-беттегі "Басып шығару параметрлерін ашу" қараңыз.)
2. **Дополнительно** жиекбелгісі ашылғанда **Правка** опциясын **Водяной знак** ашылмалы тізімінен таңдаңыз. **Изменение водяных знаков** терезесі пайда болады.
3. **Текст водяного знака** жолына мәтіндік хабар енгізіңіз. 256 таңбаға дейін енгізуге болады. Хабар алдын ала қарау терезесінде көрсетіледі.
Только на первой странице көзі белгіленгенде, су таңбасы бірінші бетке ғана басылып шығады.
4. Су таңбасы параметрлерін таңдаңыз.
Қаріп атын, стилін, өлшемін және көлеңкесін **Параметры шрифта** бөлімінен таңдауға және су таңбасының бұрышын **Наклон текста** бөлімінен орнатуға болады.
5. Жаңа су таңбасын **Текущие водяные знаки** тізіміне қосу үшін **Добавить** түймесін басыңыз.
6. Аяқтаған соң, **Басып шығару** терезесінен шыққанша, **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

Су таңбасын басып шығаруды тоқтату үшін **Нет** опциясын **Водяной знак** ашылмалы тізімінен таңдаңыз.

Су таңбасын өзгерту


1. Бағдарламалық жасақтамадағы басып шығару параметрлерін өзгерту үшін **Басып шығару параметрлері** опциясына өтіңіз. (39-беттегі "Басып шығару параметрлерін ашу" қараңыз.)
2. **Дополнительно** жиекбелгісін басып, **Правка** опциясын **Водяной знак** ашылмалы тізімінен таңдаңыз. **Изменение водяных знаков** терезесі пайда болады.
3. Өзгертілетін су таңбасын **Текущие водяные знаки** тізімінен таңдап, су таңбасы хабары мен параметрлерін өзгертіңіз.
4. Өзгерістерін сақтау үшін **Обновить** түймесін басыңыз.
5. **Басып шығару** терезесінен шыққанша, **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

Су таңбасын жою

1. Бағдарламалық жасақтамадағы басып шығару параметрлерін өзгерту үшін **Басып шығару параметрлері** опциясына өтіңіз. (39-беттегі "Басып шығару параметрлерін ашу" қараңыз.)
2. **Дополнительно** жиекбелгісін басып, **Правка** опциясын **Водяной знак** ашылмалы тізімінен таңдаңыз. **Изменение водяных знаков** терезесі пайда болады.
3. Жойылатын су таңбасын **Текущие водяные знаки** тізімінен таңдап, **Удалить** түймесін басыңыз.
4. **Басып шығару** терезесінен шыққанша, **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

Қабаттастыруларды пайдалану

Қабаттастыру басып шығарылатын құжатқа қоюға болатын қатты дискіге сақталатын мазмұн болып табылады. Қабаттастыру баспа үлгісіндегі қағаз орнын алу үшін жиі пайдаланылады. Басып шығарылған баспа үлгісін пайдаланғаннан гөрі қазір баспа үлгісіндегі бірдей ақпаратты дәл қамтитын қабаттастыруды жасауға болады. Компанияңыздың баспа үлгісімен хат басып шығару үшін құрылғыда басып шығарылған баспа үлгісіндегі қағазды салудың қажеті жоқ, оның орнына құжатыңызға баспа үлгісіндегі қабаттастырудың басып шығаруға болады.



Жаңа қабаттастыру жасау

Бет қабаттастыруын пайдалану үшін құрамында мазмұны бар жаңа бет қабаттастыру файлын жасау керек.

1. Жаңа бетті қабаттастыруда пайдаланғыңыз келген мазмұнды қамтитын құжат жасаңыз немесе ашыңыз. Элементтер түпнұсқаға қосылған кезде олар пайда болатын жерге оларды дәл орналастырыңыз.
2. Құжатты қабаттастыру ретінде сақтау үшін **Басып шығару параметрлері** опциясына өтіңіз. (39-беттегі "Басып шығару параметрлерін ашу" қараңыз.)
3. **Дополнительно** жиекбелгісін басып, **Правка** опциясын **Текст** ашылмалы тізімінен таңдаңыз. **Правка наложения** терезесі пайда болады.
4. **Правка наложения** терезесіндегі **Создать** түймесін басыңыз.
5. **Басқаша сақтау** терезесінде сегізге дейінгі таңбалардың атын **Файлы аты** жолына енгізіңіз. Қажет болса, белгіленген жолды таңдаңыз. (Өдепкісі — C:\Formover.)
6. **Сохранить** түймесін басыңыз. Аты **Список наложений** пайда болады.
7. **Басып шығару** терезесінен шыққанша, **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.
8. Файл басып шығарылмайды. Орнына ол компьютердің қатты дискісіне сақталады.



Қабаттастыру құжатының өлшемі басып шығарылатын құжатпен бірдей сәйкестенуі керек. Су таңбасымен қабаттастыру жасамаңыз.

Қабаттастыруды пайдалану

Қабаттастыру жасалған соң, ол құжатпен басып шығарылуға дайын болады. Құжатқа қабаттастыруды басып шығару үшін:

1. Басып шығарғыңыз келген құжатты жасаңыз немесе ашыңыз.
2. Бағдарламалық жасақтамадағы басып шығару параметрлерін өзгерту үшін **Басып шығару параметрлері** опциясына өтіңіз. (39-беттегі "Басып шығару параметрлерін ашу" қараңыз.)
3. **Дополнительно** жиекбелгісін басыңыз.
4. Қажетті қабаттастыруды **Текст** ашылмалы тізімінен таңдаңыз.

5. Егер қажетті қабаттастыру файлы **Текст** ашылмалы тізімінде пайда болмаса, **Правка** опциясын тізімнен таңдап, **Загрузить** түймесін басыңыз. Пайдаланғыңыз келген қабаттастыру файлы таңдаңыз.

Егер пайдаланғыңыз келген қабаттастыру файлы сыртқы ресурсқа сақтасаңыз, **Ашу** терезесіне өткенде файлды да жүктеуге болады.


Файлды таңдаған соң, **Ашу** түймесін басыңыз. Файл **Список наложений** жолында пайда болып, басып шығаруға қол жетімді болады. Қабаттастыруды **Список наложений** жолынан таңдаңыз.

6. Қажет болса, **Подтверждать наложение при печати** көзін белгілеңіз. Егер бұл параметр белгіленсе, құжатты басып шығаруға жіберген сайын хабар терезесі пайда болып, қабаттастыруды құжатқа басып шығарғыңыз келетін-келмейтінін растауыңызды сұрайды.

Егер бұл параметр белгіленбей, қабаттастыру таңдалса, қабаттастыру құжатпен автоматты түрде басып шығарылады.

7. **Басып шығару** терезесінен шыққанша, **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

Таңдалған қабаттастыру құжатқа басып шығарылады.

-  Қабаттастыру құжатының ажыратымдылығы түпнұсқа баспа тапсырмасының ажыратымдылығына сәйкес болуы керек.

Қабаттастыруды жою

Енді пайдаланылмайтын бет қабаттастыруларын жоюға болады.


1. **Басып шығару параметрлері** терезесіндегі **Дополнительно** жиекбелгісін басыңыз.
2. **Правка** опциясын **Наложение** ашылмалы тізімінен таңдаңыз.
3. Жойылатын қабаттастыруды **Список наложений** жолынан таңдаңыз.
4. **Удалить** түймесін басыңыз.
5. Растау хабары пайда болғанда, **Иә** түймесін басыңыз.
6. **Басып шығару** терезесінен шыққанша, **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.

Баспа сапасы опциялары

Белгілі бір баспа қажеттіліктеріне баспа сапасын реттеу үшін төмендегі «Графика» опцияларын пайдаланыңыз.

1. Бағдарламалық жасақтамадағы басып шығару параметрлерін өзгерту үшін **Басып шығару параметрлері** опциясына өтіңіз. (39-беттегі "Басып шығару параметрлерін ашу" қараңыз.)


2. **Графика** жиекбелгісін басыңыз.

-  • Таңдауға болатын опциялар принтер моделіне байланысты өзгеруі мүмкін.
- **Басып шығару параметрлері** ішінен алынған әр параметрдің ақпаратын анықтамадан қараңыз.
 - **Шрифт и текст:** Мәтінді қалыпты құжаттан қаралау етіп басып шығару үшін **Затемнить текст** опциясын таңдаңыз. Экранда пайда болатын түске қарамастан, қап-қара етіп басып шығару үшін **Печатать весь текст черным** опциясын пайдаланыңыз.
 - **Графический контроллер:** **Четкие края** оқылуын жақсарту үшін мәтіндердің жиектері мен айқын сызықтарын нақтылауға мүмкіндік береді.
 - **Экономия тонера:** Бұл параметр таңдалса, картридждің пайдалану мерзімі ұзарып, баспа сапасын едәуір төмендетпей әр беттің құнын азайтады.


- **Определяется принтером:** Егер бұл параметр таңдалса, бұл мүмкіндік құрылғыдан жасалған параметр арқылы анықталады (Кейбір модельдер үшін параметрді құрылғыдан өзгерту мүмкін емес. Мұндай жағдайда әдепкі параметрі «Өшіру» болады).
- **Вкл.:** Принтердің әр бетке аз тонер пайдалануына мүмкіндік беру үшін осы параметрді таңдаңыз.
- **Выкл.:** Егер құжатты басып шығарған кезде тонер үнемдегіңіз келсе, осы параметрді таңдаңыз.
- **Яркость:** Параметр басып шығарылған беттердегі тонер тығыздығын реттейді. Мәндері: **Обычный**, **Светлый** және **Темный**.

3. **Басып шығару** терезесінен шыққанша, **ОК** немесе **Басып шығару** түймесін басыңыз.


Әдепкі басып шығару параметрлерін өзгерту

-  Көптеген Windows бағдарламалары принтер драйверінде көрсетілетін параметрлер үстіне жазылады. Алдымен бағдарламалық жасақтамада қол жетімді барлық баспа параметрлерін өзгертіп, принтер драйвері арқылы қалған параметрлерді өзгертіңіз.

1. Windows **Бастау** мәзірін ашыңыз.
2. Windows 2000 нұсқасы үшін **Параметрлер > Принтерлер** опциясын таңдаңыз.
 - Windows XP/2003 үшін **Принтерлер мен факстар** опциясын таңдаңыз.
 - Windows 2008/Vista нұсқасы үшін **Бақылау тақтасы > Аппараттық құрал және дыбыс > Принтерлер** опциясын таңдаңыз.
 - Windows 7 нұсқасы үшін **Бақылау тақтасы > Аппараттық құрал және дыбыс > Құрылғылар және принтерлер** опциясын таңдаңыз.
 - Windows Server 2008 R2 нұсқасы үшін **Бақылау тақтасы > Аппараттық құрал > Құрылғылар және принтерлер** опциясын таңдаңыз.
3. Құрылғыны тінтуірдің оң жақ түймесімен басыңыз.
4. Windows XP/2003/2008/Vista нұсқасы үшін **Басып шығару параметрлері** түймесін басыңыз.
Windows 7 және Windows Server 2008 R2 нұсқалары үшін контекстік мәзірлерден **Басып шығару параметрлері** опциясын таңдаңыз.

-  Егер **Басып шығару параметрлері** элементінде ► белгісі болса, таңдалған принтерге қосылған басқа принтер драйверлерін таңдауға болады.

5. Әр жиекбелгідегі параметрлерді өзгертіңіз.
6. **ОК** түймесін басыңыз.

-  Егер әр баспа тапсырмасы үшін параметрлерді өзгертіңіз келсе, оны **Басып шығару параметрлерінде** өзгертіңіз.

Құрылғыңызды әдепкі құрылғы етіп орнату


1. Windows **Бастау** мәзірін ашыңыз.
2. Windows 2000 нұсқасы үшін **Параметрлер > Принтерлер** опциясын таңдаңыз.
 - Windows XP/2003 үшін **Принтерлер мен факстар** опциясын таңдаңыз.

- Windows 2008/Vista нұсқасы үшін **Бақылау тақтасы > Аппараттық құрал және дыбыс > Принтерлер** опциясын таңдаңыз.
 - Windows 7 нұсқасы үшін **Бақылау тақтасы > Аппараттық құрал және дыбыс > Құрылғылар және принтерлер** опциясын таңдаңыз.
 - Windows Server 2008 R2 нұсқасы үшін **Бақылау тақтасы > Аппараттық құрал > Құрылғылар және принтерлер** опциясын таңдаңыз.
3. Құрылғыңызды таңдаңыз.
 4. Құрылғыңызды тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, **Әдепкі принтер етіп орнату** опциясын таңдаңыз.
 - ✎ Windows 7 және Windows Server 2008 R2 үшін Егер **Әдепкі принтер етіп орнату** элементінде ► белгісі болса, таңдалған принтерге қосылған басқа принтер драйверлерін таңдауға болады.

Файлға басып шығару (PRN)

Кейде баспа деректерін файл ретінде сақтау керек болады. Басып шығару тапсырмасын файл ретінде сақтау үшін:

1. **Файлға басып шығару** параметрін **Басып шығару** терезесінен белгілеңіз.



2. **Басып шығару** түймесін басыңыз.
3. Белгіленген жол мен файл атын теріп, **ОК** түймесін басыңыз. Мысалы, c:\Temp\file name.

<p>Майысу</p> 	<p>Егер басып шығарылған қағаз майысса немесе қағаз құрылғыға берілмесе:</p> <ul style="list-style-type: none"> Науадағы қағаздарды аударып салыңыз. Сондай-ақ, науадағы қағазды 180°-қа бұрыңыз. Принтер параметрін өзгертіп, әрекетті қайталап көріңіз. Басып шығару теңшелімдері опциясына өтіп, Бумага жиекбелгісін басып, түріне Тонкая бумага мәнін белгілеңіз. (39-беттегі "Басып шығару параметрлерін ашу" қараңыз.)


Жалпы Windows мәселелері

Жағдай	Ұсынылған шешімдер
<p>Орнату кезінде «Файл пайдаланылуда» хабары пайда болады.</p>	<p>Барлық бағдарламалардан шығыңыз. Барлық бағдарламаны бастау тобынан алып тастап, Windows жүйесін қайта іске қосыңыз. Принтер драйверін қайта орнатыңыз.</p>
<p>«Жалпы қорғау қатесі», «ЕЕрекше жұмыс жабдығы», «32-жинақ» немесе «Заңсыз әрекет» хабарлары пайда болады.</p>	<p>Барлық басқа бағдарламаларды жауып, Windows жүйесін қайта іске қосыңыз, сосын қайтадан басып шығарып көріңіз.</p>
<p>«Басып шығарылмайды», «Принтердің күту уақытының біткені туралы қате пайда болды» хабарлары пайда болады.</p>	<p>Бұл хабарлар басып шығару кезінде пайда болуы мүмкін. Құрылғы басып шығаруды аяқтағанша, күте тұрыңыз. Егер хабар дайын режимде немесе басып шығару аяқталғаннан кейін пайда болса, жалғауын және/немесе қате орын алған-алмағанын тексеріңіз.</p>


 Windows қате туралы хабарлары туралы қосымша ақпарат алу үшін компьютермен бірге келетін Microsoft Windows пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.


Жалпы Linux мәселелері

жағдай	Ұсынылған шешімдер
Құрылғы басып шығармайды.	<ul style="list-style-type: none"> Принтер драйверінің жүйеге орнатылғанын тексеріңіз. Unified Driver Configurator опциясын ашып, қол жетімді құрылғылар тізімін көру үшін Printers жиекбелгісіне Printers configuration терезесінен қосылыңыз. Құрылғыңыздың тізімнен көрсетілгеніне көз жеткізіңіз. Егер көрсетілмесе, құрылғыны реттеу үшін Add new printer wizard ашыңыз. Құрылғының іске қосылғанын тексеріңіз. Printers configuration бетін ашып, құрылғыңызды принтерлер тізімінен таңдаңыз. Selected printer тақтасындағы сипаттамаға қараңыз. Егер оның күйінде Stopped жолы болса, Start түймесін басыңыз. Содан кейін құрылғының қалыпты жұмысы қалпына келуі керек. Басып шығару кезінде біраз мәселелер орын алғанда «тоқтатылған» күйі іске қосылуы мүмкін. Бағдарламаның «-ogaw» сияқты арнайы баспа опциясын пайдаланып жатпағанын тексеріңіз. Егер «-ogaw» команда жолы параметрінде көрсетілсе, онда дұрыс басып шығару үшін оны алып тастаңыз. Gimp алды-соңы үшін «басып шығару» -> «Принтерді реттеу» опциясын таңдап, команда жолы параметрін өзгертіңіз.
Құрылғы беттерді толығымен басып шығармайды және жарты бетке басып шығарады.	Бұл белгілі мәселе түрлі түсті құрылғы 8.51 нұсқасында немесе Ghostscript, 64 биттік Linux операциялық жүйелерінің бұрынғы нұсқасында пайдаланылғанда және bugs.ghostscript.com сайтына Ghostscript Bug 688252 ретінде есеп берілгенде шығады. Мәселе AFPL Ghostscript v. 8.52 не одан жоғарғы нұсқада шешіледі. Ең соңғы AFPL Ghostscript нұсқасын http://sourceforge.net/projects/ghostscript/ сайтынын жүктеп алып, оны осы мәселені шешу үшін орнатыңыз.
Құжатты басып шығарған кезде «Порт құрылғысының файлы ашу мүмкін емес» қатесіне кездестім.	Басып шығарылып жатқан кезде басып шығару тапсырмасы параметрлеріне (мысалы, LPR GUI арқылы) жол бермеңіз. Басып шығару параметрлерін өзгертілгенде белгілі бір CUPS серверінің нұсқалары басып шығару тапсырмасын тоқтатады, сосын тапсырманы басып шығаруды басынан бастауға талпынады. Unified Linux Driver басып шығару кезінде портты құлыптағанда, драйвердің бірден тоқтатылуы портты құлыптап, кейінгі басып шығару тапсырмаларына қол жетімді етпейді. Егер мұндай жағдай орны алса, Release port опциясын Port configuration терезесінен таңдап, портты босатып көріңіз.

 Linux қате туралы хабарлары туралы қосымша ақпарат алу үшін компьютермен бірге келетін Linux пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

Жалпы Macintosh мәселелері

жағдай	Ұсынылған шешімдер
Құрылғы PDF файлдарын дұрыс басып шығармайды. Кейбір графика бөліктері, мәтін немесе суреттер жоқ.	PDF файлын сурет етіп басып шығару файлдың басылып шығуына мүмкіндік беруі мүмкін. Print As Image параметрін Acrobat басып шығару опцияларынан қосыңыз.  PDF файлы сурет етіп басылып шыққанда, ұзақ уақыт кетеді.
Құжат басып шығарылды, бірақ басып шығару тапсырмасы Mac OS X 10.3.2 нұсқасындағы спулерден жоғалып кетті.	Mac операциялық жүйесін Mac OS X 10.3.3 не одан кейінгі нұсқасына жаңартыңыз.
Мұқаба бетті басып шығару кезінде кейбір әріптер дұрыс көрінбейді.	Mac операциялық жүйесі мұқаба бетті басып шығару кезінде қаріпті жасай алмайды. Ағылшын әліпбиі мен сандар мұқаба бетте дұрыс көрінеді.
Macintosh жүйесінде құжатты Acrobat Reader 6.0 не одан кейінгі нұсқасымен басып шығарғанда, түстер дұрыс басылып шықпауы мүмкін.	Құрылғы драйверіндегі ажыратымдылық параметрінің Acrobat Reader бағдарламасындағыға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.


 Macintosh қате туралы хабарлары туралы қосымша ақпарат алу үшін компьютермен бірге келетін Macintosh пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

Жабдықтар

Бұл бөлімде құрылғыға қол жетімді жабдықтар мен қосалқы бөлшектерді сатып алу туралы ақпарат берілген.

Бұл бөлімде қамтылғандар:

- Қалай сатып алу керек
- Қол жетімді жабдықтар

 Қол жетімді аксессуарлар еліңізге байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Қол жетімді аксессуарлар тізімін алу үшін сату жөніндегі өкілдеріңізге хабарласыңыз.

Қалай сатып алу керек

Samsung рұқсат берген жабдықтарға, аксессуарларға және қосалқы бөлшектерге тапсырыс беру үшін Samsung делдалына немесе құрылғы сатып алған сатушыңызға хабарласыңыз. Сондай-ақ, www.samsung.com/supplies сайтына кіріп, еліңізді/аймағыңызды таңдауға және қызмет көрсету орталығына хабарласу туралы ақпарат алуға болады.

Қол жетімді жабдықтар

Жабдықтар қызмет ету мерзімінің соңына жеткенде, құрылғыңызға мына жабдық түрлеріне тапсырыс беруге болады:


Модель нөмірі


- 104 (MLT-D104S): А және В аймағынан басқа барлық аймақтарда қол жетімді.
 - 1042 (MLT-D1042S): А аймағы^а
 - 1043 (MLT-D1043S): В аймағы^б:
 - 104 (MLT-D104X): Барлық аймақта қол жетімді емес.
- *Қол жетімділігін жергілікті Samsung веб-сайтынан қараңыз.


а. А аймағы: Австрия, Албания, Бельгия, Болгария, Босния, Венгрия, Германия, Грекия, Дания, Испания, Италия, Кипр, Латвия, Литва, Македония, Нидерланд, Норвегия, Польша, Португалия, Румыния, Сербия, Словакия, Словения, Ұлыбритания, Финляндия, Франция, Хорватия, Чех Республикасы, Швеция, Швейцария, Эстония.

б. В аймағы: Бангладеш, Вьетнам, Қытай, Непал, Украина, Үндістан.

Картриджді ауыстыру үшін 64-беттегі "Картриджді ауыстыру" бөлімін қараңыз.

 Пайдаланылған опциялар мен тапсырмаға байланысты картридждің қызмет ету мерзімі әр түрлі болуы мүмкін.

 Жабдықтарды, оның ішінде картридждерді құрылғыны сатып алған еліңізде сатып алу керек. Әйтпесе, жабдықтардың жүйелік конфигурациясы елге байланысты әр түрлі болатындықтан, олар құрылғыңызбен үйлеспейді.

 Samsung корпорациясы қайта толтырылған немесе қайта жасалған шынайы Samsung емес картриджді пайдалануды ұсынбайды. Samsung корпорациясы шынайы Samsung емес картридж сапасына кепілдік бере алмайды. Шынайы Samsung

- Қол жетімді қосалқы бөлшектер
- Картриджді ауыстыру

емес картридждерді пайдалану нәтижесінде қажетті қызмет немесе жөндеу құрылғы кепілдігінде қамтылмайды.

Қол жетімді қосалқы бөлшектер

Жыртылған бөлшектер салдарынан баспа сапасының және қағаз беру механизмінің ақаулы болуына жол бермеу және құрылғыңызды тамаша жұмыс күйінде ұстап тұру үшін белгілі бір бет санын басып шығарғаннан кейін немесе әр элементтің қызмет ету мерзімі біткен кезде төмендегі қосалқы бөлшектерді ауыстыру керек.


Бөлшектер	Орташа жұмыс өнімділігі ^а	Бөлшек аты
Жіберуші ролик	Шамамен 30 000 бет	ЖІБЕРУШІ РОЛИК
Термофиксатор	Шамамен 30 000 бет	ТЕРМОФИКСАТОР
Желімді ролик	Шамамен 30 000 бет	РОЛИК ЖЕЛІМДІ

а. Жұмыс өнімділігіне пайдаланылған операциялық жүйе, есептеу жұмысы, бағдарламалық жасақтама, қосылу әдіс, баспа құралы түрі, баспа құралының өлшемі және тапсырманың күрделілігі ықпал жасайды.

Қосалқы бөлшектерді сатып алу үшін құрылғы сатып алынған жерге хабарласыңыз.

Қосалқы бөлшектерді тек өкілетті қызмет көрсетуші провайдерден, делдалдан немесе құрылғыны сатып алған сатушыдан ауыстырып алуға болады. Қосалқы бөлшектер «Орташа жұмыс өнімділігіне» жеткеннен кейін, кепілдік оларды ауыстыруды қамтымайды.

Картриджді ауыстыру


 Картриджді ауыстыру туралы анимацияны ашу үшін мына сілтемені басыңыз.

Картридж жоспарланған қызмет ету мерзіміне жеткенде


- Printer Status немесе Smart Panel бағдарламасының терезесі компьютерде пайда болып, картриджді ауыстыру керек екенін айтады.
- Құрылғы басып шығаруды тоқтатады.

Осы кезде картриджді ауыстыру керек. Құрылғыда пайдаланылатын картридждің модель нөмірін тексеріңіз. (64-беттегі "Қол жетімді жабдықтар" қараңыз.)

1. Үстіңгі жабынын ашыңыз.


 Үстіңгі жабынын ашқанда, шыққан қағаздар науасының жабылғанына көз жеткізіңіз.

2. Картриджді тартып шығарыңыз.





3. Жаңа картриджді қорабынан алыңыз.


4. Картриджді қорғайтын қалпағын шешіңіз.



5. Тонерді картридждің ішінде біркелкі жаю үшін картриджді жан-жағына бес-алты рет ақырын шайқаңыз. Ол картриджден көп көшірме шығуына кепілдік береді.




 Егер тонер киіміңізге тиіп кетсе, оны құрғақ шүберекпен кептіріп, киімді суық сумен жуыңыз. Ыстық су тонерді матаға отырғызып тастайды.

 Картридждегі барабанға немесе сурет шығаратын бөлікке тиіспеңіз. Ол жеріне тиіп кетпеу үшін картридждің тұтқасын пайдаланыңыз.

6. Картриджді тұтқасынан ұстап, құрылғының ашық жеріне картриджді ақырын салыңыз.

Картридждің жандарындағы құлақшалар мен құрылғыдағы сәйкес ойықтар картриджді орнына толық түскенше, дұрыс жолымен алып барады.




7. Үстіңгі жабынын жабыңыз. Жабынның жақсы жабылғанына көз жеткізіңіз.

Техникалық сипаттамалары

Бұл бөлімде құрылғының негізгі техникалық сипаттамалары берілген.

Бұл бөлімде қамтылғандар:

- Аппараттық құрал сипаттамалары
- Қоршаған ортаға қатысты сипаттамалары
- Электр тогына қатысты сипаттамалар
- Баспа құралдарының сипаттамалары

 Техникалық сипаттама мәндері төменде берілген: техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертіледі: ақпараттағы ықтимал өзгерістерді www.samsung.com/printer сайтынан қараңыз.

Аппараттық құрал сипаттамалары


Элемент		Сипаттама
Өлшемдері	Биіктігі	184 мм (7,24 дюйм)
	Тереңдігі	224 мм (8,82 дюйм)
	Ені	341 мм (13,43 дюйм)
Салмағы	картриджсіз	4,2 кг (9,26 фунт)

Қоршаған ортаға қатысты сипаттамалары

Элемент		Сипаттама
Шуыл деңгейі ^а	Дайын режим	26 дБ(А)
	Басып шығару режимі	50 дБ(А)
Температура	Өрекет	10 - 32 °С (50 - 90 °F)
	Сақтау (қорабынан шығарылған)	0 - 40 °С (32 - 104 °F)
Ылғалдылық	Өрекет	10 - 80 % бөлме ылғалдылығы
	Сақтау (қорабынан шығарылған)	20 - 80 % бөлме ылғалдылығы

а. Дыбыс қысымының деңгейі, ISO 7779. Конфигурация тексерілді: құрылғы орнату негіздері, А4 қағазы, қарапайым басып шығару.

Электр тогына қатысты сипаттамалар

 Электр қуатын тұтыну құрылғы сатылған елге/аймаққа негізделген. Жұмыс кернеулерін ауыстырмаңыз. Оны орындамау салдарынан құрылғы зақымдалып, бұйымның кепілдігінің күші жойылуы мүмкін.

Элемент		Сипаттама
Электр қуаты бағамы ^а	110 В модельдер	Айнымалы ток 110 - 127 В
	220 В модельдер	Айнымалы ток 220 - 240 В
Қуат тұтыну	Орташа жұмыс режимі	270 Вт аз
	Дайын режим	40 Вт аз
	Қуат үнемдеу режимі	2,8 Вт аз
	Өшірулі режим	0,45 Вт аз

а. Құрылғыңыздың тиісті кернеуін (В), жиілігін (Герц) және ток күшін (А) құрылғыдағы бағам дәрежесін қараңыз.

Баспа құралдарының сипаттамалары

Түрі	Өлшемі	Өлшемдері	Баспа құралының салмағы ^a /Сыйымдылығы ^b	
			Науа	Науада қолмен беру
Қарапайым қағаз	Letter	216 x 279 мм (8,50 x 11,00 дюйм)	60 - 120 г/м ² (16 - 32 фунт құнды қағаз) • 80 г/м ² 150 парақ (20 фунт құнды қағаз)	60 - 163 г/м ² (16 - 43 фунт құнды қағаз) • Науаға қолмен берілетін 1 парақ
	Legal	216 x 356 мм (8,50 x 14,00 дюйм)		
	US Folio	216 x 330 мм (8,50 x 13,00 дюйм)		
	A4	210 x 297 мм (8,27 x 11,69 дюйм)		
	Oficio	216 x 343 мм (8,50 x 13,50 дюйм)		
	JIS B5	182 x 257 мм (7,17 x 10,12 дюйм)		
	ISO B5	176 x 250 мм (6,93 x 9,84 дюйм)		
	Executive	184 x 267 мм (7,25 x 10,51 дюйм)		
	A5	148 x 210 мм (5,83 x 8,27 дюйм)		
Конверт	Monarch конверті	98 x 191 мм (3,87 x 7,50 дюйм)	75 - 90 г/м ² (20 - 24 фунт құнды қағаз) • Науаға қолмен берілетін 1 парақ	
	10 нөмірлі конверт	105 x 241 мм (4,12 x 9,50 дюйм)		
	DL конверті	110 x 220 мм (4,33 x 8,66 дюйм)		
	C5 конверті	162 x 229 мм (6,38 x 9,02 дюйм)		
Қалың қағаз	Қарапайым қағаз бөлімін қараңыз	Қарапайым қағаз бөлімін қараңыз	90 г/м ² (24 фунт құнды қағаз) • 140 парақ	90 - 163 г/м ² (24 - 43 фунт құнды қағаз) • Науаға қолмен берілетін 1 парақ
Жұқа қағаз	Қарапайым қағаз бөлімін қараңыз	Қарапайым қағаз бөлімін қараңыз	60 - 70 г/м ² (16 - 19 фунт құнды қағаз) • Науаға қолмен берілетін 1 парақ	
Мөлдір	Letter, A4	Қарапайым қағаз бөлімін қараңыз	138 - 146 г/м ² (37 - 39 фунт құнды қағаз) • Науаға қолмен берілетін 1 парақ	
Жапсырмалар с	Letter, Legal, US Folio, A4, JIS B5, ISO B5, Executive, A5	Қарапайым қағаз бөлімін қараңыз	120 - 150 г/м ² (32 - 40 фунт құнды қағаз) • Науаға қолмен берілетін 1 парақ	
Қатырма қағаз	Letter, Legal, US Folio, A4, JIS B5, ISO B5, Executive, A5	Қарапайым қағаз бөлімін қараңыз	105 - 163 г/м ² (28 - 43 фунт құнды қағаз) • Науаға қолмен берілетін 1 парақ	
Ең кіші өлшемі (таңдамалы)		76 x 183 мм (3,00 x 7,20 дюйм)	60 - 163 г/м ² (16 - 43 фунт құнды қағаз)	
Ең үлкен өлшемі (таңдамалы)		216 x 356 мм (8,50 x 14,02 дюйм)		

a. Егер баспа құралының салмағы 120 г/м² (32 фунт) асса, қағазды науаға біртіндеп салыңыз.

b. Максималды сыйымдылығы баспа құралының сапасына, қалыңдығына және жұмыс жағдайларына байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

c. Біркелкілігі: 100 - 250 (шеффилд).

Contact SAMSUNG worldwide

If you have any comments or questions regarding Samsung products, contact the Samsung customer care center.


Country/ Region	Customer Care Center	Web Site
ARGENTINE	0800-333-3733	www.samsung.com
ARMENIA	0-800-05-555	
AUSTRALIA	1300 362 603	www.samsung.com
AUSTRIA	0810-SAMSUNG (7267864, € 0.07/min)	www.samsung.com
AZERBAIJAN	088-55-55-555	
BAHRAIN	8000-4726	
BELARUS	810-800-500-55-500	www.samsung.ua www.samsung.com/ua_ru
BELGIUM	02-201-24-18	www.samsung.com/be (Dutch) www.samsung.com/be_fr (French)
BRAZIL	0800-124-421 4004-0000	www.samsung.com
CANADA	1-800-SAMSUNG (726-7864)	www.samsung.com
CHILE	800-SAMSUNG (726-7864)	www.samsung.com
CHINA	400-810-5858 010-6475 1880	www.samsung.com
COLOMBIA	01-8000112112	www.samsung.com
COSTA RICA	0-800-507-7267	www.samsung.com
CZECH REPUBLIC	800-SAMSUNG (800-726786) Samsung Zrt., česká organizační složka, Oasis Florenc, Sokolovská394/17, 180 00, Praha 8	www.samsung.com
DENMARK	70 70 19 70	www.samsung.com
ECUADOR	1-800-10-7267	www.samsung.com
EGYPT	0800-726786	
EIRE	0818 717100	www.samsung.com
EL SALVADOR	800-6225	www.samsung.com
ESTONIA	800-7267	www.samsung.com
KAZAKHSTAN	8-10-800-500-55-500	www.samsung.com/kz_ru
KYRGYZSTAN	00-800-500-55-500	
FINLAND	030-6227 515	www.samsung.com
FRANCE	01 48 63 00 00	www.samsung.com

Country/ Region	Customer Care Center	Web Site
GERMANY	01805 - SAMSUNG (726-7864 € 0,14/min)	www.samsung.com
GEORGIA	8-800-555-555	
GUATEMALA	1-800-299-0013	www.samsung.com
HONDURAS	800-7919267	www.samsung.com
HONG KONG	(852) 3698-4698	www.samsung.com/hk www.samsung.com/hk_en/
HUNGARY	06-80-SAMSUNG (726-7864)	www.samsung.com
INDIA	3030 8282 1800 110011 1800 3000 8282 1800 266 8282	www.samsung.com
INDONESIA	0800-112-8888 021-5699-7777	www.samsung.com
ITALIA	800-SAMSUNG (726-7864)	www.samsung.com
JAMAICA	1-800-234-7267	www.samsung.com
JAPAN	0120-327-527	www.samsung.com
JORDAN	800-22273	
KSA	9200-21230	www.samsung.com
LATVIA	8000-7267	www.samsung.com
LITHUANIA	8-800-77777	www.samsung.com
LUXEMBURG	261 03 710	www.samsung.com
MALAYSIA	1800-88-9999	www.samsung.com
MEXICO	01-800-SAMSUNG (726-7864)	www.samsung.com
MOLDOVA	00-800-500-55-500	www.samsung.ua www.samsung.com/ua_ru
NETHERLANDS	0900-SAMSUNG (0900-7267864) (€ 0,10/ min)	www.samsung.com
NEW ZEALAND	0800 SAMSUNG (0800 726 786)	www.samsung.com
NICARAGUA	00-1800-5077267	www.samsung.com
NORWAY	815-56 480	www.samsung.com
PANAMA	800-7267	www.samsung.com

Country/ Region	Customer Care Center	Web Site
PHILIPPINES	1800-10-SAMSUNG (726-7864) 1-800-3-SAMSUNG (726-7864) 1-800-8-SAMSUNG (726-7864) 02-5805777	www.samsung.com
POLAND	0 801 1SAMSUNG (172678) 022-607-93-33	www.samsung.com
PORTUGAL	80820-SAMSUNG (726-7864)	www.samsung.com
PUERTO RICO	1-800-682-3180	www.samsung.com
QATAR	800-2255	
REP. DOMINICA	1-800-751-2676	www.samsung.com
RUSSIA	8-800-555-55-55	www.samsung.ru
SINGAPORE	1800-SAMSUNG (726-7864)	www.samsung.com
SLOVAKIA	0800-SAMSUNG (726-7864)	www.samsung.com
SOUTH AFRICA	0860 SAMSUNG (726-7864)	www.samsung.com
SPAIN	902-1-SAMSUNG(902 172 678)	www.samsung.com
SWEDEN	0771 726 7864 (SAMSUNG)	www.samsung.com
SWITZERLAND	0848-SAMSUNG (7267864, CHF 0.08/min)	www.samsung.com
SYRIA	1825-22-73	
TADJIKISTAN	8-10-800-500-55-500	
TAIWAN	0800-329-999	www.samsung.com
THAILAND	1800-29-3232 02-689-3232	www.samsung.com
TRINIDAD & TOBAGO	1-800-SAMSUNG (726-7864)	www.samsung.com
TURKEY	444 77 11	www.samsung.com
U.A.E	800-SAMSUNG (726-7864)	www.samsung.com
U.K	0845 SAMSUNG (726-7864)	www.samsung.com
U.S.A	1-800-SAMSUNG (726-7864)	www.samsung.com
UKRAINE	8-800-502-000	www.samsung.ua www.samsung.com/ua_ru

Country/ Region	Customer Care Center	Web Site
UZBEKISTAN	8-10-800-500-55-500	www.samsung.com/kz_ru
VENEZUELA	0-800-100-5303	www.samsung.com
VIETNAM	1 800 588 889	www.samsung.com

Глоссарий

 Келесі глоссарий басып шығаруға қатысты көп қолданылатын және осы пайдаланушыға арналған нұсқаулықта кездесетін терминологияны түсіну арқылы өніммен танысуға көмектеседі.

802.11

802.11 - сымсыз жергілікті желі (WLAN) байланысына арналған стандарттар жиынтығы, IEEE LAN/MAN Стандарттар комитеті (IEEE 802) тарапынан дайындалған.

802.11b/g

802.11b/g бір аппараттық құралды бірлесіп пайдалана алады және 2,4 ГГц жиіліктер диапазонын пайдаланады. 802.11b 11 Мбит/с дейінгі диапазонды қолдайды; 802.11g 54 Мбит/с дейінгі диапазонды қолдайды. 802.11b/g құрылғыларына кейде микротолқынды пештер, сымсыз телефондар және Bluetooth құрылғылары әсер етуі мүмкін.

Қатынас нүктесі

Қатынас нүктесі немесе сымсыз қатынас нүктесі (AP немесе WAP) - сымсыз жергілікті желілерде (WLAN) сымсыз байланыс құрылғыларын байланыстыратын және WLAN радиосигналдары үшін орталық трансмиттер және ресивер ретінде жұмыс істейтін құрылғы.

ADF

Құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысы (ADF) - түпнұсқа қағаз парағын автоматты түрде беретін сканерлеу құрылғысы, құрылғы қағаздың біршама көлемін бір уақытта сканерлей алады.

AppleTalk

AppleTalk - компьютерлік желі құру үшін Apple, Inc шығарған арнайы протоколдар жиынтығы. Ол бастапқы Macintosh (1984) құрамына енгізілген және қазір оны Apple компаниясы TCP/IP желісінің пайдасына жойды.

Биттік тереңдік

Растрлік суреттегі бір пикселдің түсін көрсету үшін пайдаланылатын биттер санын сипаттайтын компьютерлік графика термині. Жоғарырақ түс тереңдігі анық түстердің кеңірек ауқымын береді. Биттер саны көбейген сайын, түстер картасы үшін мүмкін болатын түстер саны тым көбейіп кетеді. 1-битті түс әдетте монохромды немесе қара және ақ деп аталады.

BMP

Microsoft Windows графикалық ішкі жүйесі (GDI) пайдаланатын және сол платформада қарапайым графикалық файл пішімі ретінде пайдаланылатын растрлік графика пішімі.

BOOTP

BOOTP протоколы. Желілік клиент өзінің IP-мекенжайын автоматты түрде алу үшін пайдаланатын желілік протокол. Әдетте ол

компьютерлердің немесе олардағы жұмыс істейтін операциялық жүйелердің бастапқы жүктелу процесінде орындалады. BOOTP серверлері әрбір клиентке IP-мекенжайды мекенжайлар тобынан тағайындайды. BOOTP протоколы «дисксіз жұмыс станциясының» компьютерлеріне IP-мекенжайды кез келген жетілдірілген операциялық жүйені жүктеуден бұрын алуға мүмкіндік береді.

CCD

Зарядты байланысы бар құрылғы (CCD) - сканерлеу тапсырмасын қосатын аппараттық құрал. CCD бекіту құрылғысы CCD модулін құрылғыны жылжитқан кезде зақымдалудан сақтау үшін пайдаланылады.

Реттеу

Реттеу - жинақта бірнеше көшірме тапсырмасы бойынша басып шығару процесі. Реттеу таңдалғанда, құрылғы қосымша көшірмелерді басып шығарудан бұрын бүкіл жинақты басып шығарады.

Басқару тақтасы

Басқару панелі - басқару немесе бақылау аспаптары көрсетілетін тегіс, көбінесе тік болып келетін бөлік. Әдетте олар құрылғының алдыңғы жағында орналасады.

Қамту

Басып шығару кезінде тонердің пайдаланылуын өлшеу үшін қолданылатын басып шығаруға қатысты термин. Мысалы, 5 % қамту A4 өлшеміндегі қағазда шамамен 5 % суреттің немесе мәтіннің болатынын білдіреді. Сондықтан, егер қағазда немесе түпнұсқада күрделі суреттер немесе көп мәтін болса, қамту жоғары болады және сонымен бірге, тонерді пайдалану көлемі қамту көлемімен бірге артады.

CSV

Үтірлермен бөлінген мәндер (CSV). Файл пішімінің түрі, CSV әр түрлі бағдарламалар арасында деректер алмасу үшін пайдаланылады. Файл пішімі, Microsoft Excel бағдарламасында пайдаланылғандай, іс жүзінде сала стандартына айналды, Microsoft емес платформалар арасында да.

DADF

Дуплексті құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысы (DADF) - құрылғы қағаздың екі жағын да сканерлей алатындай етіп, түпнұсқа парақты автоматты түрде беретін және аударатын сканерлеу құрылғысы.

Әдепкі

Принтерді қорабынан алған кездегі, қалпына келтірген кездегі немесе бастапқы күйге орнатқан кездегі мән немесе параметр.

DHCP

Хостарды динамикалық теңшеу протоколы (DHCP) - клиент-сервер желілік протоколы. DHCP сервері DHCP клиент хост сұрауына тән конфигурация параметрлерін қамтамасыз етеді, жалпы, IP желісінде қатысу үшін клиент хостына қажет мәліметтер. Сондай-ақ, DHCP клиент хосттарына IP-мекенжайларды бөліп беру механизмін қамтамасыз етеді.

DIMM

Қос қосылған жад модулі (DIMM) - жад ұстайтын кішкентай схемалық тақта. DIMM басып шығару деректері, алынған факс деректері сияқты құрылғы ішіндегі барлық деректерді сақтайды.

DNS

Домен атауларының сервері (DNS) - Интернет сияқты желілердегі бөлінген дерекқордағы домен атауларына қатысты мәліметтерді сақтайтын жүйе.

Нүктелік-матрицалық принтер

Нүктелік-матрицалық принтер - басатын басы бетте алға және артқа қозғалатын, соққы арқылы басатын, жазу машинкасы сияқты қағазға бояу сіңірілген мата таспаны соғу арқылы басатын компьютер принтері.

DPI

Дюймдегі нүктелер саны (DPI) - сканерлеу және басып шығару үшін пайдаланылатын ажыратымдылық өлшемі. Әдетте, DPI жоғарылаған сайын ажыратымдылық артады, суреттегі көрінетін бөліктер көбейеді және файл өлшемі үлкейеді.

DRPD

Шартты қоңырауды автоматты тану. Шартты қоңырау - пайдаланушыға әр түрлі бірнеше телефон нөмірлеріне жауап беру үшін бір телефон желісін пайдалануға мүмкіндік беретін телефон компаниясының қызметі.

Дуплекс

Құрылғы қағаздың екі жағында да басатын (сканерлейтін) етіп қағаз парағын автоматты түрде аударатын механизм. Дуплекс құрылғысы бар принтер бір баспа циклінде қағаздың екі жағынан да баса алады.

Өнімділік

Өнімділік - принтердің бір айдағы жұмыс өнімділігіне әсер етпейтін беттер саны. Әдетте принтерде бір жылдағы беттер саны сияқты пайдалану мерзімінің шектеуі болады. Пайдалану мерзімі басып шығарулардың орташа көрсеткішін білдіреді, әдетте кепілдік мерзімі ішіндегі. Мысалы, егер өнімділік 20 жұмыс күні бар бір ай үшін 48 000 бет болса, принтердің жұмыс істеу шегі күніне 2 400 бет болады.

ECM

Қателерді түзету режимі (ECM) - 1-класс факс машиналарына немесе факс-модемдерге қосылатын қосымша беру режимі. Ол кейде телефон желісіндегі кедергілерден болатын факс жіберу процесіндегі қателерді автоматты түрде табады және түзетеді.

Эмуляция

Эмуляция бір құрылғының басқа құрылғының нәтижелерімен бірдей нәтижелер алу әдісі.

Эмулятор бір жүйенің функцияларын басқа жүйеде қайталайды, екінші жүйе бірінші жүйе сияқты әрекет етеді. Эмуляция сыртқы жұмысты дәл көшіруге назар аударады, симуляциядан өзгеше болады, симуляцияда симуляцияланатын жүйенің абстрактілік моделіне, көбінесе ішкі күйіне көңіл бөлінеді.

Ethernet

Ethernet - жергілікті желілерге (LAN) арналған фреймдік компьютер желісінің технологиясы. Ол физикалық деңгей үшін схеманы және сигнал беруді сипаттайды және кадр пішімдері және протоколдар үшін, ортамен қатынасты басқару (MAC)/деректер беру деңгейі, OSI моделі. Ethernet көбінесе IEEE 802.3 ретінде стандартталады. Ол 1990 жылдардан бастап қазірге дейін пайдаланылып келе жатқан ең көп таралған LAN технологиясына айналды.

EtherTalk

Компьютер желісіне арналған Apple Computer тарапынан жасалған протоколдар жиынтығы. Ол бастапқы Macintosh (1984) құрамына енгізілген және қазір оны Apple компаниясы TCP/IP желісінің пайдасына жойды.

FDI

Сыртқы құрылғы интерфейсі (FDI) - монеталық құрылғы немесе кардридер сияқты үшінші тараптың құрылғысына рұқсат етуге арналған құрылғы ішіне орнатылған карта. Ол құрылғылар сіздің құрылғыңызда төлемге негізделген қызметті қамтамасыз етеді.

FTP

Файлдарды беру протоколы (FTP) - TCP/IP протоколын (мысалы, Интернет немесе интранет) қолдайтын кез келген желі арқылы файлдар алмасу үшін кең пайдаланылатын протокол.

Термофиксатор құрылғысы

Баспа құралына тонерді түсіретін лазерлік принтердің бөлігі. Ол жылу ролигі мен қысым ролигінен тұрады. Тонер қағазға түсірілгеннен кейін, термобекіту құрылғысы тонердің қағазда тұрақты қалуы үшін жылу мен қысымды қолданады, сондықтан да қағаз лазерлік принтерден шыққан кезде ол жылы болады.

Шлюз

Компьютер желілерінің арасындағы қосылым немесе компьютер желісі мен телефон желісінің арасындағы қосылым. Ол өте кең таралған, себебі ол басқа компьютермен немесе желімен қатынасты қамтамасыз ететін компьютер немесе желі болып табылады.

Сұр түстің реңктері

Түсті суреттер сұр түстің реңктеріне түрлендірілгенде суреттің ашық және қара бөліктерін көрсететін сұр түстің шкаласы; түстер әр түрлі сұр түстің шкаласымен көрсетіледі.

Көмескі түс

Нүктелер санын өзгерту арқылы сұр түстің реңктерін көрсететін сурет түрі. Қатты боялған бөліктерде нүктелердің саны көп болады, ал ақшыл бөліктердегі нүктелердің саны азырақ болады.

HDD

Қатты диск (HDD), әдетте қатты дискілердегі жинақтауышты немесе қатты дискіні білдіреді, энергиядан тәуелсіз сақтау құрылғысы, сандық кодталған деректерді магнитті беті болатын жылдам айналатын дискілерде сақтайды.

IEEE

Электротехника және электроника саласындағы инженерлер институты (IEEE) - электрге қатысты технологияны дамытуға арналған халықаралық коммерциялық емес кәсіби ұйым.

IEEE 1284

1284 параллель порт стандартын Электротехника және электроника саласындағы инженерлер институты (IEEE) жасаған. «1284-B» термині сыртқы құрылғыға (мысалы, принтерге) қосылатын параллель кабельдің ұшындағы арнайы коннектор түрін білдіреді.

Интранет

Ұйымның мәліметтерінің немесе операцияларының бір бөлігін сенімді түрде өз қызметкерлерімен бірлесіп пайдалану үшін IP протоколдарын, желі қосылымын және жалпы байланыс жүйесін пайдаланатын жеке желі. Кейде бұл термин тек ең нақты көрінетін қызметті, ішкі веб-сайтты білдіреді.

IP мекенжай

Интернет протоколы (IP) мекенжайы - IP протоколы стандартын пайдаланатын желіде бір-бірімен байланысу және анықтау үшін құрылғылар пайдаланатын бірегей нөмір.

IPM

Бір минуттағы суреттер (IPM) - принтер жылдамдығын өлшеу әдісі. IPM көрсеткіші принтер бір минут ішінде басып шығара алатын бір жақты парақтар санын көрсетеді.

IPP

Интернет басып шығару протоколы (IPP) басып шығару, басып шығару тапсырмаларын басқару, баспа құралдарының өлшемі, ажыратамдылық және т.б. үшін стандартты протоколды сипаттайды. IPP протоколын жергілікті немесе Интернет арқылы жүздеген принтерлер үшін пайдалануға болады және ол қатынасты басқару, аутентификация және шифрлау мүмкіндіктерін қолдайды, бұл оны бұрынғыларға қарағанда икемдірек және қауіпсіз басып шығару шешімі етеді.

IPX/SPX

IPX/SPX - желіаралық бумалар алмасу протоколы/бірзді бумалар алмасу. Novell NetWare операциялық жүйелері пайдаланатын желілік протокол. IPX және SPX протоколдары TCP/IP протоколына ұқсас қосылым қызметтерін қамтамасыз етеді, IPX протоколы IP протоколына ұқсас және SPX протоколы TCP протоколына ұқсас.

IPX/SPX протоколы негізінен жергілікті желілерге (LAN) арналған және осы мақсатта ол өте тиімді протокол болып табылады (әдетте оның жұмыс көрсеткіштері жергілікті желідегі TCP/IP көрсеткіштерінен жоғары).

ISO

Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (ISO) - ұлттық стандарттау органдарының өкілдерінен құралған халықаралық стандарттау органы. Ол халықаралық өнеркәсіп және сауда стандарттарын шығарады.

ITU-T

Халықаралық телекоммуникация одағы - халықаралық радио және телекоммуникация саласын стандарттау және реттеу үшін құрылған халықаралық ұйым. Оның негізгі мақсаттары радиожіліктер диапазонын бөлу, стандарттау және халықаралық телефон байланыстарын қамтамасыз ету мақсатында әр түрлі елдер арасында өзара байланыс келісімдерін ұйымдастыру. ITU-T сөзіндегі -T әрпі телекоммуникацияны білдіреді.

ITU-T № 1 диаграмма

Құжаттарды факсимильді байланыс арқылы жіберу үшін ITU-T жариялаған стандартталған сынақ диаграммасы.

JBIG

Екі деңгейлі кескіндер жөніндегі бірлескен эксперттер тобы (JBIG) - дәлдік пен сапаны жоғалтпай кескіндерді қысу стандарты, бинарлық кескіндерді қысуға арналған, әсіресе факстер үшін, сонымен қатар басқа кескіндер үшін де пайдалануға болады.

JPEG

Фотосуреттер жөніндегі бірлескен эксперттер тобы (JPEG) - фотосуреттерді жоғалтумен қысу үшін ең көп қолданылатын стандартты әдіс. Фотосуреттерді Интернетте сақтау және жіберу үшін пайдаланылатын пішім.

LDAP

Каталогқа кіру үшін жеңілдетілген протокол (LDAP) - TCP/IP арқылы жұмыс істейтін каталог қызметтерін сұрауға және өзгертуге арналған желілік протокол.

Жарық диодты экран

Жарық шығаратын диод (LED) - құрылғы күйін көрсететін жартылай өткізгішті құрылғы.

MAC-мекенжай

Ортамен қатынасты басқару (MAC) мекенжайы - желілік адаптермен байланысқан бірегей идентификатор. MAC-мекенжай бірегей 48-биттік идентификатор болып табылады, әдетте екі-екіден топталған 12 он алтылық таңбалар (мысалы, 00-00-0c-34-11-4e). Бұл мекенжай әдетте өндіруші тарапынан желілік интерфейстік картаға (NIC) қатты бекітіледі және үлкен желілерде құрылғыларды табуға әрекет жасайтын маршрутизаторларға көмек ретінде пайдаланылады.

MFP

Көп функциялы сыртқы құрылғы (MFP) - бір физикалық денеде келесі функцияларды қамтитын кеңсе құрылғысы, принтер, көшіру құрылғысы, факс, сканер және т.б.

MH

Өзгертілген Хаффман (MH) - ITU-T T.4 ұсынған кескінді тасымалдау үшін факс құрылғылары арасында берілетін деректер көлемін азайтуға арналған қысу әдісі. MH - бос орынды тиімді қысу үшін оңтайландырылған кодтық кітапқа негізделген бірізді кодтау схемасы. Факстер көбінесе бос орыннан тұратындықтан, бұл факстердің берілу уақытын барынша азайтады.

MMR

Модификацияланған модификацияланған Рид коды (MMR) - ITU-T T.6 ұсынған қысу әдісі.

Модем

Сандық ақпаратты кодтау үшін негізгі сигналды модуляциялайтын құрылғы және ол берілген ақпараттың кодын ашу үшін негізгі сигналды демодуляциялайды.

MR

Модификацияланған Рид коды (MR) - ITU-T T.4 ұсынған қысу әдісі. MR бірінші сканерленген жолды MH көмегімен кодтайды. Келесі жол бірінші жолмен салыстырылады, айырмашылықтары анықталады, сонан соң айырмашылықтар кодталады және жіберіледі.

NetWare

Novell, Inc. компаниясы жасаған желілік операциялық жүйе. Басында ол жеке компьютерде әр түрлі қызметтерді орындау үшін кооперативті көп тапсырмалылықты пайдаланды және желілік протоколдар бастапқы Xerox XNS стегіне негізделді. Қазір NetWare жүйесі TCP/IP және IPX/SPX протоколдарын қолдайды.

OPC

Фотобарабан (OPC) - лазерлік принтерден шығатын лазер сәулесін пайдаланып басып шығару үшін виртуалды кескін жасайтын механизм және ол әдетте жасыл немесе тот түсті болады және цилиндр пішініне ие.

Принтерде пайдалану кезінде барабаны бар кескін жасау блогы барабан бетін ақырын тоздырады және оны дұрыстап ауыстыру керек, себебі ол картридждің шығару щеткасына, тазалау механизміне және қағазға тиіп тозады.

Түпнұсқалар

Басқаларын шығару үшін көшірілетін, шығарылатын немесе аударылатын, бірақ өзі басқа бірденеден көшірілмейтін немесе шығарылмайтын бірдеңенің бірінші үлгісі, мысалы, құжат, фотосурет немесе мәтін және т.б.

OSI

Ашық жүйелердің әрекеттестігі (OSI) - байланыс үшін Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (ISO) тарапынан жасалған модель. OSI желіні жобалау үшін стандартты, модульді әдісті ұсынады, ол кешенді функциялардың қажетті жиынтығын басқарылатын,

тәуелсіз, функционалдық деңгейлерге бөледі. Деңгейлер - жоғарыдан төменге қарай, қолданба, презентация, сеанс, транспорт, желі, деректер беру арнасы және физикалық.

PABX

Ішкі автоматты телефон станциясы (PABX) - жеке мекеме ішіндегі автоматты телефон коммутация жүйесі.

PCL

Принтердің басқару тілі (PCL) - принтер протоколы ретінде HP компаниясы жасаған беттерді сипаттау тілі (PDL), өнеркәсіп стандартына айналған. Басында бастапқы себелеу принтерлері үшін жасалған, PCL түрлі деңгейлерде термопринтерлер, нүкте-матрицалық принтерлер және лазерлік принтерлер үшін шығарылды.

PDF

Тасымалданатын құжат пішімі (PDF) - Adobe Systems жасаған арнайы файл пішімі, екі өлшемді құжаттарды құрылғыдан тәуелсіз және ажыратымдылықтан тәуелсіз пішімде көрсетуге арналған.

PostScript

PostScript (PS) - беттерді сипаттау тілі және бағдарлама тілі, негізінен электрондық және үстелдік баспа жүйелерінде пайдаланылады. - кескін шығару үшін интерпретаторда орындалады.

Принтер драйвері

Компьютерден принтерге деректерді тасымалдау және командаларды жіберу үшін пайдаланылатын бағдарлама.

Баспа құралы

Принтерде, сканерде, факста немесе көшіру құрылғысында пайдалануға болатын қағаз, конверт, белгілер және көшіргіш сияқты құралдар.

PPM

Бір минуттағы беттер саны (PPM) - принтердің жұмыс істеу жылдамдығын анықтау әдісі, принтер бір минут ішінде басып шығаратын беттер санын көрсетеді.

PRN файлы

Құрылғы драйверіне арналған интерфейс, бағдарламалық жасақтамаға стандартты кіріс/шығыс жүйелік қоңыраулар арқылы құрылғы драйверімен жұмыс істеуге мүмкіндік береді, бұл көп тапсырмаларды жеңілдетеді.

Протокол

Екі есептегіш соңғы нүктелер арасында деректерді тасымалдауды, қосылымды, байланысты қамтамасыз ететін немесе басқаратын ереже немесе стандарт.

PS

PostScript бөлімін қараңыз.

PSTN

Жалпыға арналған телефон желісі (PSTN) - жалпыға бірдей коммутациялық телефон желілерінің жүйесі, өнеркәсіптік ғимаратта орналасады, әдетте коммутатор арқылы реттеледі.

RADIUS

Телефон желісінің абонентін қашықтан аутентификациялау қызметі (RADIUS) - пайдаланушыны қашықтан аутентификациялау және тіркеу протоколы. RADIUS аутентификация деректерін орталықтан басқаруға мүмкіндік береді, мысалы, пайдаланушы аты және құпия сөздер, желіге кіруді басқару үшін AAA (аутентификация, авторизация және есеп) принципін пайдаланады.

Ажыратымдылық

Кескіннің анықтығы, дюймдегі нүктелер санымен (DPI) өлшенеді. Дюймдегі нүктелер саны көбейсе, ажыратымдылық жоғарылайды.

SMB

Сервердің хабарлар блогы (SMB) - желілік протокол, негізінен файлдарды, принтерлерді, бірізді порттарды бірлесіп пайдалану үшін және басқа түрлі байланыстар үшін желі нүктелерінің арасында пайдаланылады. Сонымен қатар, ол тексерілген процесс аралық байланыс механизмін қамтамасыз етеді.

SMTP

Пошта жіберуге арналған қарапайым протокол (SMTP) - Интернет арқылы электрондық пошта хабарларын жіберуге арналған стандарт. SMTP - салыстырмалы түрде қарапайым, мәтінге негізделген протокол, бір немесе бірнеше хабар алушылары көрсетіледі, сонан соң хабар мәтіні беріледі. Ол клиент-сервер протоколы, клиент серверге электрондық пошта хабарын жібереді.

SSID

Сымсыз желі идентификаторы (SSID) - сымсыз жергілікті желінің (WLAN) атауы. Бір бірімен байланысу үшін сымсыз жергілікті желідегі барлық сымсыз құрылғылар бірдей SSID пайдаланады. SSID регистрге тәуелді болады және ең үлкен ұзындығы 32 таңба.

Ішкі желі маскасы

Қосалқы желі маскасы мекенжайдың қайсы бөлігі желілік мекенжай, ал қайсысы хост мекенжай екендігін анықтау үшін желілік мекенжаймен бірге пайдаланылады.

TCP/IP

Берілісті басқару протоколы (TCP) және Интернет протоколы (IP); байланыс протоколдарының жиынтығы, Интернет және басқа көптеген коммерциялық желілер жұмыс істейтін протоколдар жиынтығын енгізеді.

TCR

Берілісті растау есебі (TCR) әрбір беріліс мәліметтерін қамтамасыз етеді, мысалы, тапсырма күйі, беріліс нәтижесі және жіберілген беттер саны. Бұл есепті әр тапсырмадан кейін басып шығарылатын етіп немесе беріліс сәтсіз болғанда ғана басып шығарылатын етіп қоюға болады.

TIFF

Кескін файлының тегтік пішіні (TIFF) - ажыратымдылығы өзгеретін растрлық кескін пішімі. TIFF сканерлерден келетін кескін деректерін сипаттайды. TIFF кескіндері файлдағы кескін сипаттамаларын анықтайтын тегтерді, кілт сөздерді пайдаланады. Бұл икемді және платформадан тәуелсіз пішімді кескін өңдейтін түрлі бағдарламаларда түсірілген суреттер үшін пайдалануға болады.

Тонер картриджі

Ішінде тонер болатын принтер сияқты құрылғыда пайдаланылатын ыдыс немесе контейнер. Тонер - лазерлік принтерлерде және ксерокстарда пайдаланылатын ұнтақ, басылған қағазда мәтінді және кескіндерді пайда етеді. Тонер термофиксатордан жылу/қысым қолдану арқылы қағаз талшықтарына жабысады.

TWAIN

Сканерлер мен бағдарламалық жасақтамаларға арналған өнеркәсіптік стандарт. TWAIN стандартына сәйкес бағдарламасы бар TWAIN сканерін пайдалану арқылы сканерлеуді бағдарламадан қосуға болады. Ол кескін алу API, Microsoft Windows және Apple Macintosh операциялық жүйелері үшін.

UNC жолы

Бірегей атау беру ережесі (UNC) - Window NT және басқа Microsoft өнімдерінде ортақ желіге кірудің стандартты жолы. UNC жолының пішімі: \\<servername>\<sharename>\<Қосымша каталог>

URL

Ресурстардың бірегей көрсеткіші (URL) - құжаттардың және ресурстардың Интернеттегі ғаламдық мекенжайы. Мекенжайдың бірінші бөлігі пайдаланылатын протоколды көрсетеді, екінші бөлігі ресурс орналасқан IP-мекенжайды немесе домен атауын сипаттайды.

USB

Әмбебап бірізді шина (USB) - USB Implementers Forum, Inc. жасаған стандарт, компьютер мен сыртқы құрылғыларды қосу үшін пайдаланылады. Параллель порттан айырмашылығы, USB бір мезгілде бір компьютер USB портын бірнеше сыртқы құрылғыларға қосады.

Су таңбасы

Су таңбасы - қағаздағы көрінетін кескін немесе өрнек, жарықпен қарағанда ашық көрінеді. Алғаш рет су таңбалары 1282 жылы Италияның Болонья қаласында пайдаланылды; оларды өз өнімдерін белгілеу үшін қағаз жасаушылар пайдаланды, пошта маркаларында, ақшада және басқа үкімет құжаттарында қолдан жасауды болдырмау мақсатында пайдаланылды.

WEP

Енгізілген құпиялылық эквиваленті (WEP) - қауіпсіздік протоколы, IEEE 802.11, сымды жергілікті желідегі қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз етеді. WEP радио арқылы деректерді шифрлау арқылы қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, екі нүкте арасында берілген кезде деректер қорғалады.

WIA

Windows кескін архитектурасы (WIA) - басында Windows Me және Windows XP жүйесінде енгізілген кескін архитектурасы. Сканерлеуді WIA сканерін пайдаланып осы операциялық жүйелердің ішінен қосуға болады.

WPA

Wi-Fi қорғалған қатынас (WPA) - сымсыз (Wi-Fi) компьютер желілерін қорғайтын жүйелер тобы, WEP қауіпсіздік мүмкіндіктерін жетілдіру үшін жасалған.

WPA-PSK

WPA-PSK (WPA алдын ала ортақтасқан кілт) - шағын бизнес пен үйде пайдаланушылар үшін WPA арнайы режимі. Ортақ кілт немесе құпия сөз, сымсыз кіру нүктесінде (WAP) конфигурацияланады және сымсыз лэптоп немесе үстел құрылғылары. WPA-PSK қауіпсіздікті арттыру үшін сымсыз клиент пен тиісті WAP арасындағы әрбір сеанс үшін бірегей кілт шығарады.

WPS

Wi-Fi қорғалған орнату (WPS) - сымсыз үй желісін орнату стандарты. Егер сымсыз кіру нүктесі WPS стандартын қолдаса, сымсыз желі қосылымын компьютерсіз оңай конфигурациялауға болады.

XPS

XML қағаз сипаттамасы (XPS) - беттерді сипаттау тіліне (PDL) және жаңа құжат пішіміне арналған сипаттама, тасымалы құжат және электрондық құжат үшін артықшылықтары бар, Microsoft тарапынан жасалған. XML негізіндегі сипаттама, жаңа баспа жолына негізделген және векторға негізделген құрылғыдан тәуелсіз құжат пішімі.

Индекс

L

Linux

- басып шығару [45](#)
- бірыңғай драйвер конфигураторы [50](#)
- жалғанған USB кабелі үшін драйвер орнату [29](#)
- жалпы Linux мәселелері [63](#)
- жинақтағы бағдарламалық жасақтамалар [27](#)
- жүйеге қойылатын талаптар [27](#)
- принтер сипаттары [46](#)

M

Macintosh

- басып шығару [44](#)
- жалғанған USB кабелі үшін драйвер орнату [29](#)
- жалпы Macintosh мәселелері [63](#)
- жинақтағы бағдарламалық жасақтамалар [27](#)
- жүйеге қойылатын талаптар [27](#)
- құрылғыны жергілікті желіде бөлісу [31](#)

N

Nup басып шығару

- Macintosh [45](#)
- Windows [40](#)

S

Smart Panel

- жалпы ақпарат [50](#)

service contact numbers [69](#)

U

USB кабелі

- драйвер орнату [28](#)

W

Windows

- басып шығару [38](#)
- жалғанған USB кабелі үшін драйвер орнату [28](#)
- жалпы Windows мәселелері [62](#)
- жинақтағы бағдарламалық жасақтама [26](#)
- жүйеге қойылатын талаптар [27](#)

құрылғыны жергілікті желіде бөлісу [30](#)

A

алдынан [21](#)

анықтаманы пайдалану [40](#)

артынан [22](#)

B

басқару тақтасы [23](#)

баспа ажыратымдылығы орнатылған

- Linux [46](#)
- Macintosh [45](#)

баспа құралы

- әдепкі науа мен қағазды реттеу компьютерде [32](#)
- баспа үлгісіндегі қағаз [37](#)
- басып шығарылған қағаз [37](#)
- жапсырмалар [37](#)
- конверт [36](#)
- қатырма қағаз [37](#)
- мөлдір қағаз [36](#)
- нұсқаулар [33](#)
- шыққан қағаздар ұстаушы [68](#)

басып шығару

- Linux [45](#)
- Macintosh [44](#)
- әдепкі басып шығару параметрлерін өзгерту [43](#)
- бір парақ қағазға бірнеше бет Macintosh [45](#)
- Windows [40](#)
- қағаздың екі бетіне басып шығару Windows [41](#)
- құжат басып шығару Windows [38](#)
- құжатты таңдалған қағаз өлшеміне сәйкестендіру [41](#)
- плакат [40](#)
- файлға басып шығару [44](#)

G

глоссарий [71](#)

D

дуплексті басып шығару қолмен принтер драйвері [41](#)

дұрыстау

науа өлшемі [32](#)

Ж

Жарық диоды

жарық диодының күйін түсіну [24](#)

жабдықтар

- картридж ауыстыру [64](#)
- картридждің жоспарланған мерзімі [54](#)
- қол жетімді жабдықтар [64](#)
- тапсырыс беру [64](#)

K

картридж

- Samsung емес және қайта толтырылған [54](#)
- жоспарланған мерзім [54](#)
- картриджді ауыстыру [64](#)
- қолдану нұсқаулары [54](#)
- сақтау [54](#)
- тонерді жаю [55](#)

келісім [17](#)

кептеліс

- қағаз кептелуіне жол бермеу туралы кеңестер [55](#)
- қағаздан тазалау [56](#)

кітапша басып шығару [40](#)

кітапшалар [40](#)

Қ

қабаттастыруды басып шығару

- басып шығару [42](#)
- жасау [42](#)
- жою [43](#)

қауіпсіздік

- ақпарат [6](#)
- таңбалар [6](#)

қолмен беретін науа

- арнайы баспа құралын пайдалану [35](#)
- пайдалану туралы кеңестер [35](#)
- салу [35](#)

қосалқы бөлшектер [64](#)

қуат үнемдеу

қуат үнемдеу режимін пайдалану [32](#)

құжат басып шығару

Linux [45](#)

Macintosh [44](#)

құжаттың пайыздық көрсеткішін өзгерту
[41](#)

құқықтық ақпарат [11](#)

құрылғыны қосу [25](#)

құрылғыны орналастыру [26](#)
бос орын [26](#)

құрылғыны тазалау [53](#)

М

мәселелер

басып шығару сапасының мәселелері
[60](#)

қағаз берілу мәселелері [57](#), [58](#)

мүмкіндіктер [19](#)

баспа құралы мүмкіндігі [68](#)

жинақтағы бағдарламалық жасақтама
[26](#)

қуат үнемдеу мүмкіндігі [32](#)

құрылғы мүмкіндіктері [66](#)

принтер драйвері [38](#)

Н

науа

ені мен ұзындығын реттеу [34](#)

қағазды қолмен беретін науаға салу [35](#)

науа өлшемін өзгерту [34](#)

П

плакат басып шығару [40](#)

принтер драйвері

мүмкіндіктер [38](#)

принтер сипаттары

Linux [46](#)

С

салу

1науадағы қағаз [34](#)

арнайы баспа құралы [35](#)

қолмен беретін науадағы қағаз [35](#)

су таңбасы

басып шығару [42](#)

жасау [42](#)

жою [42](#)

өзгерту [42](#)

Т

тазалау

сырты [53](#)

іші [53](#)

таңдаулы параметрлер басып шығару
үшін [39](#)

терезелерде қабаттастыруды
пайдалану [42](#)

терезелерде су таңбаларын пайдалану
[41](#)

техникалық сипаттамалары

баспа құралы [68](#)

жалпы [66](#)

Ш

шыққан қағаздар ұстаушы [37](#)